


ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

2(6)2024



ISSN: 2960-0049  
ISSN-L: 2958-5376

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЦЕНТРАЛЬНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ МУЗЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

MINISTRY OF CULTURE AND INFORMATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

MUSEUM.KZ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

Алматы, 2024

**MUSEUM.KZ****Ғылыми-практикалық журналы**

«MUSEUM.KZ» – музейтану, музей ісі, мәдени мұра нысандарын қорғау, тарих, деректану, археология, нумизматика, этнология, өнертану, мәдениеттану және мәдениет тарихының өзекті мәселелеріне арналған рецензияланатын ғылыми-практикалық журнал.

Журнал қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бұрын жарияланбаған ғылыми еңбектерді жариялайды.

Редакцияға жариялауға жіберілген ғылыми жұмыстар плагиатқа тексеріледі. Плагиат анықталса, жұмыс қосымша қарауға қабылданбайды.

Журналда келіп түскен жұмыстарды рецензиялаудың тәуелсіз институты жұмыс істейді.

Журналдың редакциясы өз қызметінде Committee on Publication Ethics – COPE халықаралық жариялау этикасы комитеті әзірлеген принциптерді, сондай-ақ Scopus (Elsevier) журналдарын жариялаудың этикалық принциптерін басшылыққа алады. «MUSEUM.KZ» журнал саясатының негізгі ұстанымы басылымның авторлар мен оқырмандар үшін ашықтық принципі.

Журнал материалдары «MUSEUM.KZ» Creative Commons «Attribution» («Атрибуция») 4.0 Дүниежүзілік (CC BY 4.0, лицензия «Авторлықпен») лицензиясы бойынша қол жетімді.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Журнал редакциясы мақаланың жарияланғандығынан келуі мүмкін зиян үшін авторлар немесе өзге тұлғалар мен мекемелер алдында өзіне ешқандай жауапкершілік алмайды.

<b>Журналды тіркеген мекеме атауы</b>	Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі 24 ақпан 2023 жыл, Куәлік №KZ62VPY00065358
<b>Құрылған жылы</b>	30 қазан 2022 ж.
<b>ISSN</b>	ISSN: 2960-0049, ISSN-L: 2958-5376
<b>Мерзімділігі</b>	Жылына 4 рет
<b>Құрылтайшысы</b>	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі РМҚК
<b>Сайт</b>	<a href="https://journal-museum.kz">https://journal-museum.kz</a>
<b>E-mail</b>	<a href="mailto:museum.kz@mail.ru">museum.kz@mail.ru</a>
<b>Байланыс телефоны</b>	8 (727) 264 08 44
<b>Редакциясы</b>	<a href="http://museum.kz">museum.kz</a>

**MUSEUM.KZ**  
**Научно-практический журнал**

«MUSEUM.KZ» – рецензируемый научно-практический журнал, посвященный актуальным проблемам музеологии, музейного дела, охраны объектов культурного наследия, истории, источниковедения, археологии, нумизматики, этнологии, искусствоведения, культурологии и истории культуры.

В журнале публикуются оригинальные, ранее не опубликованные работы исследователей на казахском, русском, английском языках.

Научные работы, присланные для публикации в редакцию, проверяются на плагиат. В случае обнаружения плагиата работа к дополнительному рассмотрению не принимается.

В журнале функционирует независимый институт рецензирования поступающих работ.

Редакция журнала в своей деятельности руководствуется принципами, разработанными Международным Комитетом по публикационной этике Committee on Publication Ethics – COPE, а также Этическими принципами публикации журналов Scopus (Elsevier).

Основой политики журнала «MUSEUM.KZ» является принцип открытости издания для авторов и читателей.

Материалы журнала «MUSEUM.KZ» доступны по лицензии Creative Commons «Attribution» («Атрибуция») 4.0 Всемирная (CC BY 4.0, лицензия «С указанием авторства»).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходима обязательная ссылка на журнал.

Редакция журнала не несет ответственности перед авторами и/или третьими лицами и организациями за возможный ущерб, вызванный публикацией статьи.

<b>Наименование органа, зарегистрировавшего издание</b>	Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан
<b>Журнал основан</b>	24 февраля 2023 г. Свидетельство №KZ62VPY00065358
<b>ISSN</b>	30 октября 2022 г. ISSN: 2960-0049, ISSN-L: 2958-5376
<b>Периодичность</b>	4 раза в год
<b>Учредитель</b>	РГКП Центральный государственный музей Республики Казахстан Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан
<b>Сайт</b>	<a href="https://journal-museum.kz">https://journal-museum.kz</a>
<b>E-mail</b>	<a href="mailto:museum.kz@mail.ru">museum.kz@mail.ru</a>
<b>Телефон</b>	8 (727) 264 08 44
<b>Редакция</b>	<a href="http://museum.kz">museum.kz</a>

**«MUSEUM.KZ»  
Scientific and practical journal**

«MUSEUM.KZ» – A peer-reviewed scientific and practical journal dedicated to current issues in museology, museum studies, heritage protection, history, source studies, archaeology, numismatics, ethnology, art history, culturology and cultural history.

The journal publishes original, previously unpublished papers by researchers in Kazakh, Russian and English languages.

Research papers sent for publication to the editorial board are checked for plagiarism. If plagiarism is detected, the work will not be accepted for further consideration.

The journal has an independent review institution for incoming papers.

The editorial board of the journal in its activities guided by the principles developed by the Committee on Publication Ethics – COPE, as well as by the Scopus (Elsevier) Journal Publication Ethics Guidelines.

«MUSEUM.KZ» policy is based on the principle of openness to authors and readers.

«MUSEUM.KZ» journal materials are available under the Creative Commons "Attribution" 4.0 Worldwide (CC BY 4.0, licence "With attribution").

For republishing articles, microfilm and other copies, a link to the journal is required.

The editorial board is not liable to the authors and/or third parties and organizations for possible damages caused by the publication of the article.

<b>Name of the authority that registered the publication</b>	<b>Ministry of Information and Social Development (Kazakhstan)</b>
<b>The journal was founded</b>	February 24, 2023 Certificate №KZ62VPY00065358
<b>ISSN</b>	October 30, 2022.
<b>Frequency</b>	ISSN: 2960-0049, ISSN-L: 2958-5376
<b>Founder</b>	4 times a year
<b>Site</b>	Republican State Budget-Supported Enterprise The Central State Museum of the Republic of Kazakhstan Committee of Culture of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan
<b>E-mail</b>	<a href="https://journal-museum.kz">https://journal-museum.kz</a>
<b>Tel.</b>	museum.kz@mail.ru
<b>Editorial board</b>	8 (727) 264 08 44
	museum.kz

ӘОЖ 93/94

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ РЕПРЕССИЯНЫҢ СЕБЕБІ МЕН САЛДАРЫ***М.Қ. Қойгелдиев*

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Автор тезистер түрінде баяндалған мақаласында Қазақстандағы саяси репрессияның астарына үңіліп, жер мәселесінің, сондай-ақ қазақ қоғамдық өмірін реформалау ісінде өзара үйлеспейтін екі көзқарастың (большевиктік және алаштық) қарсы келуі саяси репрессияға қазақстандық сипат бергендігіне тоқталады. Дәулетті қожалық иесі Хасен Ақайұлының өмір жолы мысалында саяси репрессияның қазақ қоғамы үшін апатты шара болғандығын көрсетеді.

Автор мақалада, саяси репрессия құрбаны болған алаштықтардың қазақ қоғамын орталық тәуелділіктен азат етуіне, олардың ұлттық құндылықтарды сақтауға қатысты мәселелерне тоқтала келіп, Хасен Ақайұлының 1909 жылдардағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысына көмектесуіне қатысты архив құжаттары негізінде тың деректерді ғылыми айналымға енгізіп отыр. Сонымен қатар, мақалада Хасен Ақайұлының Қарқаралы петициясын жазу ісіне белсенді түрде ат салысқаны туралы тың деректер берілген. Автор мақаласында Хасен Ақайұлының өзі өмір сүрген кезеңінен бастап ең соңғы күніне дейін қазаққа шаруашылық жүргізудің жаңа және пайдалы үлгісін көрсетуді өзіне мақсат етіп қойғандығына тоқталады.

Соған сәйкес автор аталған мақалада Хасен Ақайұлының билік жүйесіндегі қызметін бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастыруды көздейді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Империя құрамында болған халықтар мен ұлттардың тарихын танып-білуде архив құжаттарының маңыздылығы жоғары. Зерттеуші Қазақстандағы саяси репрессияның себебі мен салдарын архив деректері негізінде ашып көрсетеді. Сондай-ақ, мақалада берілген деректер салыстырмалы талдау әдістері мен тарихи-салыстырмалы және жүйелік талдау тәсілдері арқылы сараланып, тарихи шындықты айқындауға баса назар аударылды.

**Тірек сөздер:** Ұлт-азаттық қозғалыс, репрессия, ОГПУ, пролетариат диктатурасы, антиколониалдық қозғалыс, идеология.

**Сілтеме жасау үшін:** М.Қ. Қойгелдиев. Қазақстандағы саяси репрессияның себебі мен салдары // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). 5-12 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.01

**ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ***М.К. Койгелдиев*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан)

**Аннотация.** В представленной в форме тезисов статье автор исследует предысторию политических репрессий в Казахстане, подчеркивая, что противостояние двух несовместимых взглядов – большевистского и алашского – в процессе реформирования казахской общественной жизни придало специфический характер политическим репрессиям. Примером служит жизнь состоятельного владельца фермерского хозяйства Хасена Акайулы, демонстрирующая, что политические репрессии стали губительной мерой для казахского общества.

В статье освещаются вопросы, связанные с освобождением казахского общества от центральной зависимости, алашцы стали жертвами политических репрессий, сохранением национальных ценностей, а также представляются новые научные данные, основанные на архивных документах, относящихся к деятельности Хасена Акайулы в поддержку казахского национально-освободительного движения в 1909 году. Также статья раскрывает новые факты об активном участии Хасена Акайулы в написании Каркаралынской петиции. Автор

подчеркивает, что Хасен Акайулы всю свою жизнь считал важной задачей показать казахам новую и полезную модель управления экономикой. В данной статье автор планирует рассмотреть деятельность Хасена Акайулы в контексте энергосистемы современности.

**Материалы и методы исследования.** Значительное значение в изучении истории народов, составлявших империю, имеют архивные документы. Исследователь на основе этих данных раскрывает причины и последствия политических репрессий в Казахстане. Для анализа использовались методы сравнительного и историко-сравнительного анализа, системный подход, с акцентом на определении исторической реальности.

**Ключевые слова:** Национально-освободительное движение, репрессии, ОГПУ, диктатура пролетариата, антиколониальное движение, идеология.

**Для цитирования:** М.К. Койгелдиев. Причины и последствия политических репрессий в Казахстане // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). С. 5-12. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.01

## CAUSES AND CONSEQUENCES OF POLITICAL REPRESSIONS IN KAZAKHSTAN

*M.K. Koigeldiyev*

Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan)

**Abstract.** In this thesis-style article, the author examines the background of political repressions in Kazakhstan, emphasizing that the confrontation between two incompatible ideologies – Bolshevism and Alashism – during the reform of Kazakh societal life gave a specific character to political repressions. The life of wealthy landowner Hasan Akayuly serves as an example, demonstrating that political repressions became a devastating measure for Kazakh society.

The article addresses issues related to the liberation of Kazakh society from central dependence, with Alash leaders becoming victims of political repressions, the preservation of national values, and presents new scientific data based on archival documents related to Hasan Akayuly's activities in support of the Kazakh national liberation movement in 1909. Additionally, the article reveals new facts about Hasan Akayuly's active participation in drafting the Karkaralinsk petition. The author emphasizes that throughout his life, Hasan Akayuly considered it a vital task to show Kazakhs a new and beneficial model for managing the economy. In this article, the author plans to explore Hasan Akayuly's activities in the context of the modern energy system.

**Materials and Methods** Archival documents play a significant role in studying the history of nations within the empire. Based on these data, the researcher elucidates the causes and consequences of political repressions in Kazakhstan. Comparative and historical-comparative analysis methods were employed, along with a systematic approach emphasizing the determination of historical reality.

**Keywords:** national liberation movement, repressions, OGPU, dictatorship of the proletariat, anti-colonial movement, ideology.

**For citation:** M.K. Koigeldiyev. Causes and consequences of political repressions in Kazakhstan // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6), p.p. 5-12. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.01

**Кіріспе.** Сонымен тақырыпқа қатысты Қазақстандағы саяси репрессияның астарында қандай себептер жатты деген мәселеге тоқталайын.

Иә, рас, саяси репрессия жалпы империялық құбылыс. Дегенмен, саяси репрессия туралы сөйлегенде біз оның қазақ еліндегі мынадай ерекшеліктеріне тоқталмай мәселені тура түсіне алмаймыз.

Осы ретте мәселен, Қазақ азаттық қозғалысының басшысы Ә. Бөкейхановтың кезінде ескерткен мынадай пікірі қаперде болғаны жөн: «Егер сіз өз халқыңызға пайдалы адам болғыңыз келсе, онда қазақ еліндегі ресей әкімшілігінің жер саясатын мұқият ойыңыздан өткізіп таныңыз, сонда сіз білгіңіз келетін сауалға жауап табатын боласыз» [Шоқай, 1999: 231].

Мақаланың мақсаты XX-ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс басына келген саяси басшылық мынадай үш құндылықты өзінің қызметінің негізгі өзегіне айналдырды. Олар атамекен, жер және қазақ ұлты, сондай-ақ осы екеуінің қалыпты өмірін қамтамасыз ете алатын мемлекеттілік. Большевизм мен алаштық басшылық арасындағы бітіспес қайшылық осы үш құндылық төңірегінде жүрді.

Мақаланың негізгі міндеті - мәселені кең ауқымда алар болсақ қазақ жағдайында оның түп-төркінінде алдымен жер мәселесі жатты. Бұл біріншіден. Екіншіден, қазақ қоғамына қатысты басқа да құндылықтарға байланысты алғашқы буын қазақ саяси басшылығы мен Орталық билік арасындағы қайшылық, әрине ескерусіз қалмауға тиісті.

Осы арада «ұлттық басшылық» деген ұғым туралы. Советтік идеология, оның жетегіндегі советтік тарихнама Октябрь революциясына дейін қазақ қоғамында саяси басшылық болған емес деген түсінікті орнықтыруға көп күш жұмсады. Ал тарихи шындық сондай 1917 жылғы октябрь төңкерісі қарсаңында қазақ қоғамында саяси басшылық қалыптасып үлгерген еді. Ол Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсынов бастаған алаштық саяси басшылық болатын. Қысқа осы екі саяси ағым арасындағы қайшылық туралы.

Большевизм адамзат тарихы – бұл тапаралық күрес тарихы, өз ретінде ол пролетариат диктатурасының орнауына соқтырмай қоймады, ал пролетариат диктатурасы тапаралық теңсіздікті жоюға алғышарт тудырмақ деген ұстанымды басшылыққа алып, билікке келген бетте бұл қағиданы империя құрамындағы барлық халықтардың өмірін өзгерту құралына айналдыру жолына түсті.

Алаштық басшылық коммунизм идеясын қазақ қоғамына жат идея есебінде қарастырып, оны антиколониалдық ұстаным арнасында тұрған елдердің күресін әлсіретіп, ыдырауға соқтыратын арандатушылық әрекет есебінде қабылдады.

Яғни большевиктер көздеген мақсатына жұмысшы табын және басқа таптық қанаудағы бұқараны азат етуді пролетариат диктатурасы аталатын билік жүйесін орнату арқылы жетуді көздеген болса, алаштықтар қазақ қоғамындағы белгілі бір қоғамдық тапты ғана емес, жалпы қазақ ұлтын отарлық тәуелділіктен азат етіп, жаңа сұраныстарға жауап бере алатын мемлекеттілік құру арқылы ұлт өмірін жаңа сапаға көтеруді мақсат тұтты. Алаштықтар азамат соғысы жылдары империядағы түрлі саяси күштермен одақтасу әрекетіне бара отырып та осы мақсатқа жетуден үміттенді. Яғни, қазақ ұлт-азаттық қозғалысы өзінің табиғи арнасында тұрды. Оған өзінің ұлттық құндылықтарын сақтауға мүмкіндік беретін басқа балама жол да жоқ-тын. Осы ретте мынадай бір жағдайды ескерген жөн. Отарлық тәуелділіктегі Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің азаттығы туралы үздіксіз айтудан танбаған совет өкіметі өз ішіндегі тәуелді ұлттардың азаттығы тақырыбына келгенде ондай мәселе мүлдем жоқтай кейіп танытты.

**Талқылау.** Жалпы саяси репрессияның қазақ елі үшін салдары туралы баяндайтын болсақ, бұл ретте біраз нәрсе айтуға болады, ал мен олардың негізгілеріне ғана тоқталайын.

1. Совет өкіметі тарапынан жүргізілген саяси репрессия ең алдымен қазақ ұлт-азаттық қозғалысына жасалған қиянат болғандығын айту парыз. Мемлекеттік комиссия тарапынан берілген есептердің бірінде саяси репрессия құрбаны болған 311 мың адамның ақталғандығы туралы айтылады. Осы келтірілген санның үлкен бөлігінің азаттық қозғалысқа тікелей атсалысқандар болғандығы күмән тудырмайды. Сондай-ақ антиколониалдық қозғалыс – бұл жалпыхалықтық, жалпыұлттық қозғалыс. Қайсыбір жарияланымдарда тек зиялылар қарсылығымен шектеу байқалады.

Архив құжаттарының көрсетуіне сүйенсек өткен ғасырдың 20-шы жылдары ОГПУ тарапынан жүргізілген «қазақ ұлтшылдығымен» күрес науқаны 80-нші жылдардың соңына дейін созылды. Қауіп «ұлы орыстық шовинизмнен» емес, қауіп «қазақ ұлтшылдығынан» деген ұстаным орнықты жағдайға айналды. Ұлттың кейінгі өмірі ұлттық санаға шабуылдың оның болашағына шабуылмен тең екендігін көрсетті.

2. Саяси репрессия нәтижесінде қазақ халқы екі бірдей буын саяси ұлттық басшылығынан айрылды. Соның нәтижесінде еуропалық тарихшы Андреас Каппелер тура



көрсетіп айтқанындай саяси басшылығынан айрылған қазақ халқы ендігі жағдайда метрополиялық орталыққа бағынышты күйге түсті [Каппелер, 2000: 279].

Менің түсінігімде, жеке тұлғаға, оның еліне жасалған қиянаттың ең зоры азаматқа еліне, отанына қызмет жасау мүмкіндігінен айыру болса керек. Саяси репрессия құрбаны болған екі бірдей саяси басшылықтағы буын осы күйді бастарынан кешірді.

3. Саяси репрессияның ең ауыр салдары ол қазақ халқын билік (мемлекеттілік) түрін, жол таңдау мүмкіндігінен айыру болды. Біздің тарихнамада Совет өкіметіне міндетті түрде орнауға тиіс болған фатальді мемлекеттік құрылым есебінде қарау бар. Ал өмірде ұлт-азаттық күштер талабын мойындау болған жағдайда басқа мемлекеттік жүйенің орнауы әбден мүмкін еді.

Кез-келген ұлт өз өміріне қатысты мәселелерді сыртқы араласусыз өзі демократиялық әдіс-құралдар арқылы шешу мүмкіндігіне ие болғанда ғана нәтижелі, жемісті өсіп-өркендей алады.

Ұлттық еркіндігі жоқ, саяси репрессия нәтижесінде ұлттық басшылығынан айрылған халық советтік эксперимент аталуға лайық зорлау арқылы жүргізілген реформалық шараларға бас июге мәжбүрленді. Оның салдары өздеріңізге мәлім.

Одан алатын сабақ қандай болмақ? Ол жөнінде А. Байтұрсынов мынадай ойды білдірді. «Біз, қазақтар Қазақ республикасы деген атауды малданып жүрміз, ал бұл Республиканың мазмұны біздікі емес қой, оның иесі де біз емеспіз» [Тоғжанов, 1932: 32].

Бұл арада ХХ ғасырда қазақ ұлтының жүріп өткен жолы көрсетіп бергеніндей мүлдем басқа қоғамдық жүйеде өмірге келген теориялық ұстанымды басшылыққа алып, революциялық әдіс-құралдар арқылы ұлт өмірін өзгерту мүмкін емес деп айту жеткіліксіз. Жоғарыдан ультиматумдық тұрғыдан ұлтқа таңылған советтік реформалық шаралар оған жасалған өлшеусіз қиянат болды, сондықтан да өз мемлекеттігі жоқ халықтың осындай күйге ұшырайтындығын мойындауға тиіспіз.

4. Саяси репрессияның ұлттың сандық және сапалық тұрғыдан өсуіне аса залалды болғандығы мәлім.

а) Сандық тұрғыдан: 20-30-ншы ж.ж. ашаршылықтың нәтижесінде қазақ халқы жартысына жуық бөлігінен айрылды...

ә) Сапалық тұрғыдан: неге Смағұл Сәдуақасов бастаған топ биліктен кетірілді? Олар таяу арада Ф. Голощекин биліктен кетірілмесе халықтың апатқа ұрынуы әбден мүмкін деген ұстанымда болды. Әрекетке көшті. Мұны байқаған Голощекин Мәскеудің қолдауына сүйеніп Смағұл Сәдуақасов тобын биліктен кетіріп, оларды қудалау шарасын жүргізді.

1927-1931 жж. аралығында алаштық басшылық репрессияға алынды. Саяси және идеологиялық күрес кеңістігінен кетірілді.

1929-1931 жж. халық көтерілістері күшпен басылды.

Халық өзін империя құрамындағы бұратана халық екендігін сезінді.

Бұл ойды Москва абақтысында (Бутырка) отырған Ғазымбек Бірімжанов (10 ақпан 1930 ж.) тергеуші Павловқа берген жауабында мынадай ой арқылы білдірді: «мен мұнда Бутырка түрмесінде тегім қазақ және орыстың отарлық езгідегі құлы болғандықтан отырмын, ал егер мен үнді елінің ұлтшылы болсам ғой ұлтшылдығым үшін басымнан сипаған болар едіңіздер. Сондықтан да менің тағдырым үкім шығаратын орыс қаламына тәуелді болғандықтан маған жасалған қиянатты бүтіндей орыстың жасаған басынуы мен зорлығы есебінде қабылдаймын және ұлтшылдық ұстанымда қала беретін боламын» [Алаш ісі, 2022: 730].

Ғазымбектің бұл айтқанында, әрине, бақытсыз елінің әділетсіздік пен қиянатқа ұшырағандығын мойындау бар. Сонымен бірге оған бойды үйретпеуге, оған қарсылық танытуға үндеу бар.

Тура осы ұстанымды Жүсіпбек Аймауытұлы да білдіреді. Ол ең соңғы, кейінгі ұрпаққа аманат есебінде қалдырған «Тез өлмен!» шығармасында:

Кеудемде кемел жүрек бар,

Тілек бар онда, сенем мен.

Артымда іздер буын бар,

Өлсе де тәнім, тез өлмен! – [Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПА), 352 қ., оп. ½ тізім, іс. 01093, т. 2, 521-522, 523-п.] деген ойды білдірді.

Сөзімнің соңында Қарағанды өңірі тарихына байланысты мәңгі есте сақтауға лайық тұлға өміріне тоқталайын.

Ақайұлы Хасен (1857-1931).

Мәскеу архивында сақталған мынадай құжат бар. Омбыдағы жандарм басқармасының бастығының көмекшісі ротмистр Леваневский полиция департаментіне жолдаған баяндауында (31 желтоқсан 1909 ж.) Қу болыстығының басқарушысы Хасен Ақайұлының Темірші болыстығының басқарушысы Абеу Ермековпен, Ақшатау болыстығының басқарушысы Адамбаевпен, Кент болыстығының басқарушысы Матаевпен қазақ ұлт-азаттық қозғалысына көмектесу ісіне байланысты жұмыс жүргізгендігі туралы айтылады. Ротмистр Леваневский бұл фактіге жай меңзеп қана қоймайды, Хасен Ақайұлының біраз уақыттан бері А. Байтұрсынұлымен тұрақты түрде аталған тақырыпта жұмыс жүргізіп келе жатқандығына ерекше назар аударады.

Бұл, әрине, Х. Ақайұлының ұлт-азаттық қозғалысына көрсеткен қолдауы туралы жандарм қызметкері тарапынан 1909 жылы берілген үстірт мәлімет қана болатын.

Келесі бір факті 1918 жылғы мамырға тиесілі. Онда Алаштық қазақ полкінің командирі капитан Тоқтамышев Х. Ақайұлына жолдаған хатында «Құрметті Хасен мырза ...Мүмкін болғанша қазақ атты полкына қолдау көрсетуіңізді өтінеміз. Мұндағы бауырларыңыз Сізге сенеді ... Бізді ұмытпасаңыз екен!», - деген өтінішін білдіреді.

Ал осы бұрынғы Қарқаралы уезіндегі Қу болыстығына үш мәрте басқарушы болып сайланған, Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесін ұйымдастырушылардың бірі, осы жәрмеңкеде он төрт мыңнан астам адам қол қойып Петербордағы мемлекет басшылығы атына жолданған атақты Қарқаралы петициясын жазу ісіне белсенді түрде ат салысқан тұлғалардың бірі, меценат Хасен Ақайұлы кім еді?

XX ғасыр басындағы қазақ азаттық қозғалысының басында тұрған тұлғалардың бірі Ақайұлы Хасен өз атынан Мәскеуге Бүкілодақтық атқару комитетінің төрағасы М.И. Калининге жазған арызында шыққан тегіне байланысты мынадай фактілерді келтіреді: «Маған таныс ата-тек шежірем туралы айтсам онда әкем, атам және оның әкесі, осы үш буынға тоқталған болар едім. Арғы атам Қойсоймас өз шаруасын ғана білетін және өз руының бейбіт өмірін қанағат тұтқан қарапайым адам екен. Осындай адал адамнан шыққан Баймұрын атам өз ортасында басқалар үлгі тұтарлықтай қайырымды, не көрсе де төңірегіндегі халқымен бірге көрген адам болыпты. Әкем Ақайға әкесінен қуатты шаруашылық қалыпты, ол дағы әкесі мен атасы сияқты үйреншікті өмір арнасында болуды қалаған. Тек кәрілікке бет бұрған шағында төңірегіндегі елінің қалауымен болыстықты басқарып, тым халықшылдығын патшалық ұнатпай, әкімшілік оны жеті ай абақтыға жауып, одан шыға салысымен мына пәниден көңілі қалып Меккеге қажылыққа аттанып, сол сапардан оралмаған. Басқаша айтқанда, маған дейінгі үш буын ешқандай да атақ, мансап қумай ел қатарлы дәстүрлі малшы қазақ өмірін сүрген» [Қойгелдиев, 2019: 200-208].

Әкесінен қалған кәдімгідей дәулетке ие болған өзінің өмірінің мүлдем басқа арнаға түскенін, өзінің де төңірегіндегі жұрттың да қалыпты тіршілігі мүлдем қанағаттандырмай, ендігі жағдайда оны жаңа сұраныстарға бейімдеу жолына бет бұрғанын, яғни қатыгез табиғи ортада тек бір жақты мал өсірумен айналысып шаруашылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін еместігіне көзі жетіп, сондықтан да төңірегіндегілерге үлгі боларлықтай шаруашылықтың жаңа түрлерін енгізуге көшкендігін жазады.

Осы ұстанымды басшылыққа алып ол 1888 жылы қазақтардан 13 шаңырақтың және орыс отбасыларынан 5 отбасының басын біріктіріп Павлодар уезімен шекарадағы «Желтау» кейінірек «Заводское» аталған жерде отырықшы аралас шаруашылық құрып, оған 11 жыл бойы өз қаржысын жұмсайды. Бұл әрекеті енді ғана өз жемісін бере бастаған шақта «Желтау» әкімшіліктің шешімімен ішкі Ресейден келген переселендердің иелігіне өтіп, бастаған ісін өрістете алмайды.

Мұндай жағдайға мұңая қоймаған Хасен көп ұзамай «Желтаудан» жетпіс шақырым жердегі Егінді бұлақ деген мекенде жеті әулеттің басын қосып жаңа отырықшы шаруашылық құрып, егін егіп, ол үшін арық қазып, суландыру жүйесін жүргізу, пішен шабу ісін жолға қойып, осы мақсатта қажет деген өндіріс құралдарын сатып алып жаңа әрекет бастап кетеді. Бірақ бұл әрекеті де ұзаққа бармай, переселен мекемесінің көзі Егінді бұлаққа түсіп, одан Хасенді ығыстырып «Хлебородный» деген поселек ашады.

Егінді бұлақтан айрылған Хасен одан жиырма шақырым жердегі «Қызыл шілік» және «Мырзакөл» аталатын сусыз, егіншілікке қолайсыздау өңірге келіп орын тебеді. Хасен мұнда келген бетте суландыру жүйесін құру ісін қолға алып, Түркістаннан жоңышқаның ұрығын алдырып, малға жем-шөп даярлау ісін жолға қояды. Үлкен еңбектің нәтижесінде бұл өңір шаруашылыққа қолайлы қонысқа айналады.

1928 жылы 12 наурызбен белгіленіп М. И. Калининге жолдаған хатында Х. Ақайұлы советтік билікке көрсеткен қолдауын баяндайды. Мәселен, 1920-1923 ж.ж. аралығында Павлодар-Қарқаралы тракті бойында өз есебінен почта стансасын ұстағандығын, осы жылдары Қоянды-Ботов жәрмеңкесінде ірі ғимараттар салдыру үшін екі жүзден үш жүзге дейінгі қашықта түрлі құрылыс заттарын тасу үшін арнайы көлік жарақтағанын, тура осы жылдары советтік құрылысқа деп өз есебінен алғашында 26 ірі жылқы малын, екінші рет тағы да 30 ірі жылқы және үшінші мәрте 10 ірі өгіз бөліп, қайырымдылық жасағанын жазады [ҚР ПА, 352 қ., ½ тізім, 2165.128-131-п].

Дегенмен совет өкіметі Х. Ақайұлының бұл өзара түсіністікке келу әрекетін қабыл алған жоқ еді. Оның себебі тереңде жатты. Біріншіден, Хасен Ақайұлы әлеуметтік статусы тұрғысынан ірі меншік иесі – байлар табына жатқызылды. Екіншіден, және бұл негізгісі, ол патшалық билік тұсында да және совет өкіметі тұсында да саяси көзқарасы тұрғысынан ұлт-азаттық қозғаалысы жағында болды, мүмкін болғанша оған қолдау көрсетті.

Ол жоғарыда аталған құжатта өзінің биік арманы ретінде қазаққа шаруашылық жүргізудің жаңа және пайдалы үлгісін көрсетуді өзіне мақсат етіп алып, сондай-ақ осы арнада біраз ізденіс жасағанын баяндайды. Ол бұл ойды қызыл сөз үшін айтқан жоқ-тын. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 111 санында «Кеңес хат» деген атпен Хасен Ақайұлының хатын жариялайды. Хат иесі «бұл күнде малдан басқа кәсіптерімнің бәрін бір ғана кәсіпке аударғым келіп тұр. Қу тауының өлкесінде ата қоныс көлім бар. Сол көлдің басына салған қыстау, қора-қопсы мүлкім бар. Осы көл басынан былғары заводын һәм тері илету кәсібін бастағысы» келетіндігін мәлімдеп, бұл ойына «қазақтар терілерін арзанға сатып, дайын тауар ретінде қымбатқа өзі қайта сатып алмас еді деген негіздеме береді [ҚР ПА, 352 қ., ½ тізім, 2165. 6-п].

Нағыз іскер Хасекең ойын мәресіне жеткізіп «менің мұқтаж болып тұрғаным осы істі істеп жүргізуге керек білім. Сондықтан мұнан істің ғылымын оқыған яки оқып жүрген бауырларымнан өтінемін: Бұған не нәрселер керектігі, не шамаға түсетінін газета арқылы, хат арқылы ұғындырып, қысқалап смета көрсетіп түсіндіруін», – деп жазады [Субханбердина, Дәуітов, Сахов, 1998: 149-150].

Осыдан бір ғасыр он жыл бұрын айтылған ой, жарығы бүгінге де жетіп тұрған арман, ұлттың арманы. Оны жеткізіп тұрған Хасекең! Хасекеңнің өтініші жауапсыз қалған жоқ еді. Ә. Бөкейханов хатқа жауап жазып «завод ісі мәдениет дәрежесіне байлаулы», мәдениеті төмен Ресейде «жақсы нәрсе шығаратын завод, фабрика жоқ, ондай мүмкіндік қазақта қайдан болсын. Қарқаралы уезінде жер үстінде жатқан күмісті «нан салатын пешке қорытып алып, дүрілдеген Попов деген қайда?, ал оның «күмістен айырған қорғасыны жал-жал болып міне 30 жыл далада» жатқан жоқ па?, «мәдениет ауасы хош көрмесе, іс аяғы осылай болмақ», деген ойын білдіреді. Артын ала «қысты күні бүркіт-сұңқарға үй тігіп жүрген» Хасен мұны ұғар деген ой түйеді [Субханбердина, Дәуітов, Сахов, 1998: 187-190].

Әлекең «Қарқаралы, Қаракұс Едірей, Қу, Баянаул тауын бес қазылық дейді. Бұл мал кіндігі. Қойға бұлардан артық жайылыс дүниеде жоқ десе болады. Мұнда 150 жыл отырып, мал тәрбиелеп бақпай, былғары заводына кірісу – түйені мұзға жетелеу», – деп жазады.

Бұл арада Әлекең, әрине, завод салма деп отырған жоқ, завод өнерін бастауға қазақ даяр емес деген ойға меңзеп отыр. Бұл арада ең маңызды нәрсе – ол сол тарихи тұстағы қазақ қоғамдық ойының өресі мен қарқыны. Диалогқа келген екі тарихи тұлға соны білдіріп отырғаны. Ескеретін жағдай: былғары зауыты туралы пікірді, яғни елде тек шикізат өнімдерін ғана емес, даяр соңғы өнім шығаратын өнеркәсіп ошақтарын салу туралы пікірді араға он жыл салып Смағұл Сәдуақасұлы да айтып, орталық билік алдына осы мәселені түсінікті тілде қойған. Енді ғана орнаған совет өкіметі жағдайында уақыт көрсеткеніндей ондай пікірдің өріс алуына империялық орталық мүдделі емес-тін.

**Қорытынды.** Сонымен жоғарыда айтып кеткеніміздей Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесін ұйымдастырушылардың бірі, осы жәрмеңкеде он төрт мыңнан астам адам қол қойып Петербордағы мемлекет басшылығы атына жолданған атақты Қарқаралы петициясын жазу ісіне белсенді түрде ат салысқан тұлғалардың бірі, меценат Хасен Ақайұлының қазақ ұлт-азаттық қозғалысына белсенді қатыса отырып, қазақ еліне жасаған қызметі өлшеусіз болған.

Хасеннің жүйелі ісін көріп, төңірегіне жасаған жақсылығын байқаған халық оны үш мәрте болыс басқарушысы етіп сайлайды. Дегенмен, Хасеннің саяси ұстанымы патша әкімшілігіне бәрібір ұнамайды. Оның А.Байтұрсынұлымен және Ә. Бөкейхановпен тұрақты байланысы қызметінен босатылып, 1910-1911 ж.ж. Том губерниясындағы Барнаул қаласына жер аударылуына себепші болады. 1916 жылғы халық толқулары тұсында ол тағы да абақтыға жабылып, дүрбелең басылған соң босатылады.

1927-1928 ж. ж. астық даярлау науқаны тұсында Х. Ақайұлына Қылмыс кодексінің 68 бабының 1-нші бөлігіне сәйкес «салық салынуға тиесілі меншігін жасырды» деген айып тағылып 2 мың сом айып пұлы салынып, барлық меншігі тәркіленеді.

1929 жылы 15 наурыздағы ОГПУ Коллегиясы жанындағы Ерекше Кеңес (особое совещание) Қылмыс кодексінің 51/10 бабына сәйкес Ақаев Хасен Ақайұлы Қазақстаннан тыс өңірге, Мәскеуде, Ленинградта, Киевте, Харьковте, Одессада, Дондағы Ростовта, осы аттас губерния және округтарда, сондай-ақ Орта Азияда тұру құқынан айырылып, үш жылға жер аударылсын деген шешім қабылдайды [ҚР ПА, 352 қ., ½ тізім, 2165 іс, 16 п].

## ӘДЕБИЕТ

«Алаш ісі» 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары. Алматы. 2022. 1 т. 984 б. (730-б).

Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПА), 352 қ., оп. ½ тізім, іс. 01093, т. 2, 521-522, 523-п.

Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПА), 352 қ., оп. ½ тізім, іс. 2165. 128-131-п.

Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПА), 352 қ., оп. ½ тізім, іс. 2165, 16-п.

*Каппелер А.* Россия – многонациональная империя. Возникновение. История. Распад. М., 2000. 342 с.

*Қойгелдиев М.* Қорғансыздың күнін кешкендер. Алматы, 2019. 304 б.

«Қазақ» газеті Құрастырушылар Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов Алматы, 1998. 560 б. (149-150 бб).

*Тогжанов Г.* О Байтұрсынове и байтұрсыновщине. Алматы – Москва. 1932. 41, [2] с.

*Шоқай М.* Таңдамалы. 2 том. Алматы, 1999. 520 б.

## REFERENCES

«Alash isi» 1920-1930 jj. OGPU jurgizgen jasandy tergeu isinin kujattaryi men materialdaryi. Almaty. 2022. 1t. 984 b. (730 b). (In Kazakh)

Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenty arhivi. (KR PA) 352 k, op. ½ tizim, is. 010993, t.2, 521-522, 523-p.

Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenty arhivi. (KR PA) 6 352 k, op. ½ tizim, is. 2165, 128-131-p.

Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenty arhivi. (KR PA)6 352 k, op. ½ tizim, is. 2165, 16-p.

*Kappeler A.* Rossiya – mnogonacional'naya imperiya. Vozniknovenie. Istoriya. Raspad. M., 2000. 342 p). (In Russian)

*Koigeldiev M.* Korgansizdien qunin keshkender. Almaty, 2019. 304 p.

«Kazakh» gazety. Qurastyrushylar U. Subhanberdina, S. Davitov, K. Sakov. Almaty, 1998. 560 p. (pp. 149-150). (In Kazakh)

*Togzhanov G.* Baitursynov i Baitursynovshchina. Almaty – Moskva. 1932. 41, [2] p. (In Kazakh)

*Shokai M.* Tandamaly. Vol. 2. Almaty, 1999. 520 p. (In Kazakh)

**Автор туралы мәлімет:** Қойгелдиев Мамбет Құлжабайұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры (Жамбыл көшесі, 25. Алматы қ., Қазақстан). ORCID 0000-0002-8196-9117. E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

**Сведения об авторе:** Койгелдиев Мамбет Кулжабаевич. – профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая (Ул. Джамбула, 25, г. Алматы, Казахстан). ORCID 0000-0002-8196-9117. E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

**Information about the author:** Koigeldiev Mambet Kulzhabaiuly – Professor at the Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Dzhambul St., 25, Almaty, Kazakhstan). ORCID 0000-0002-8196-9117. E-mail: mkoigeldiev@mail.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 31.05.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 17.06.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2024.*

ӘОЖ 93/94

### «ХАЛЫҚ ЖАУЛАРЫНЫҢ» ӘЙЕЛДЕРІ

(Төлебаева Хадиша № 0631-іс, Майлина Күлжамал № 04613 - іс құжаттары негізінде)

*З.Б. Мырзатаева*

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Зерттеудің мақсаты – сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған «халық жаулары» отбасы мүшелерінің өмірін құпия сақталып келген НКВД сот-тергеу материалдары негізімен баяндау. Мақалада тоталитарлық жүйенің алаштың ардақты азаматтары Төлебаев Мырзаханның, Майлин Бейімбеттің жұбайлары және отбасы мүшелеріне көрсеткен қиянаты баяндалады. Бұл фактілік құжаттар ғылыми айналымға алғаш рет енгізілуде. Жұмыстың жаңалығы – жаңа фактілік материалдардың мәселеге пәнаралық тоғыста қарауға мүмкіндік беруі. Пайдаланылған деректер легі басым түрде құпиясыздандырылған құқық қорғау органдары құжаттарынан (НКВД СССР) тұрады. Айыпталушылардың жеке істеріндегі құжаттар, «халық жауларының» әйелдерінің қамаудағы ауыр өмірін, оның бостандыққа шыққан соң да оңалуға мүмкіндік бермеген соншалықты өміршең билік жүйесінің қылмыстарын көрсетеді. «Аса құпия» сақталған құжаттардың ғылыми айналымға тартылуы бізге дейін зерттелген бұл тақырыптағы еңбектер қатарын толықтыра түспек.

Жұмыстың нәтижесінде автор, «халық жауларының» әйелдері категориясымен сотталған адал жандардың отбасы тарихы шағын мақаламен шектелмейтін, алдағы уақытта

зерттеушілер үшін бұл әлі де күрмеуі толыққанды шешілмеген тың тақырыптардың бірі деген тұжырымға тоқталады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Тарих ғылымында жаңа ой қорытудың қозғаушы күші оның методологиялық және методикалық құралдарына тікелей байланысты. Соған сәйкес империялық тәртіп жағдайында адам құқын бұзу (негізсіз соттау, түрмеге қамау, денеге зақым келтіру түрінде жазалау, ұлттық кемсітушілік ж.б.) мәселелері бұрынғы тарихи-зерттеу әдістеріне мүлде ұқсамайтын ментальды, сезім мен ой-санаға тура жететін антропологиялық бағыттағы зерттеу әдістерін өмірге әкелді. Бұл қарапайым адам өміріне үңілуге, дискурс-талдаулар жасауға, халық тарихын демократияландыруға жол ашты. Автор мақалада басым түрде мемлекеттік архивтердің, сондай-ақ ҚР ІІМ мен прокуратурасының арнайы архивтерінің және басқа да құпия грифі қойылған архивтік іс-құжаттарға, естеліктерге сүйенеді. Аталған деректердің негізінде «халық жауы» әйелдері Төлебаева Хадиша мен Майлина Күлжамалдың, олардың отбасы мүшелерінің ауыр тағдыры сөз етіледі.

**Тірек сөздер:** Алаш, «халық жауы», әйелдер, отбасы, НКВД, тергеу хаттамалары, лагерь, іс-құжат.

**Сілтеме жасау үшін:** З.Б. Мырзатаева. «Халық жауларының» әйелдері (Төлебаева Хадиша № 0631-іс, Майлина Күлжамал № 04613 - іс құжаттары негізінде) // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). 12-21 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.02

## ЖЕНЫ «ВРАГОВ НАРОДА»

(по материалам дел Хадиши Толебаевой №0631, Кульжамал Майлины №04613)

*З.Б. Мырзатаева*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан)

**Аннотация.** Цель исследования заключается в описании жизни членов семей «врагов народа», преследуемых Сталиным, на основе материалов секретного процесса НКВД. В статье освещаются злоупотребления тоталитарной системы в отношении супругов и членов семьи Мырзахана Толебаева и Майлин Беймбет, почетных граждан Алаша. Эти фактические документы впервые вводятся в научный оборот. Новизна исследования заключается в возможности рассмотрения проблемы в междисциплинарном контексте благодаря новым фактическим материалам из рассекреченных документов правоохранительных органов НКВД СССР. Документы в личном деле обвиняемых свидетельствуют о тяжелой жизни жен «врагов народа» в тюрьме и о преступлениях властной системы, которые препятствовали их восстановлению даже после освобождения. Публикация «Совершенно секретно» документов пополнит количество исследований по данной теме.

В результате исследования автор приходит к выводу, что семейная история преданных людей, осужденных как «враги народа», не может быть ограничена небольшим объемом статьи, поскольку это одна из актуальных тем, которая еще предстоит полностью исследоваться в будущем.

**Материалы и методы исследования.** Движущая сила новых идей в исторической науке напрямую связана с ее методологическим и методическим арсеналом. В условиях имперского порядка нарушения прав человека (необоснованные осуждения, тюремное заключение, физические наказания, национальная дискриминация и прочее) нашли отражение в антропологически ориентированных методах исследования, которые существенно отличаются от традиционных исторических подходов. Это открыло возможность глубже понять обычную человеческую жизнь, провести дискурсивный анализ и демократизировать историю народа. В статье автор в основном опирается на государственные архивы, специальные архивы МВД и Прокуратуры РК, а также на другие секретные архивные документы и воспоминания. На основе этих данных обсуждается судьба Хадиши Толебаевой и Кульжамал Майлиной, жен «врагов народа», и их семей.

**Ключевые слова:** Алаш, «враг народа», женщины, семья, НКВД, следственные протоколы, лагерь, документ.

**Для цитирования:** З.Б. Мырзатаева. Жены «врагов народа» (по материалам дел Хадиши Төлебаевой №0631, Кулжамал Майлины №04613) // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). С. 12-21. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.02

### WIVES OF THE «ENEMIES OF THE PEOPLE»

(From the case materials of Khadisha Tolebayeva No. 0631, Kulzhamal Mailina. No. 04613)

Z.B. Myrzataeva

Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan)

**Abstract.** The study aims to describe the lives of family members of the “enemies of the people”, persecuted by Stalin, based on materials from the secret NKVD process. The article highlights the abuses of the totalitarian system against the spouses and family members of Myrzakhan Tolebayev and Mailin Baymbet, honorable citizens of Alash. These factual documents are introduced into scientific circulation for the first time. The novelty of the study lies in the ability to consider the problem in an interdisciplinary context, thanks to new factual materials from declassified documents of the Soviet NKVD law enforcement agencies. Documents in the personal cases of the accused testify to the harsh life of the wives of “enemies of the people” in prisons and to the crimes of the authoritarian system that prevented their recovery even after release. The publication of these «Top Secret» documents will enrich the number of studies on this topic.

As a result of the study, the author concludes that the family history of devoted people condemned as «enemies of the people» cannot be confined to a small article, as it is one of the current topics that still need to be fully explored in the future.

**Materials and methods:** The driving force behind new ideas in historical science is directly linked to its methodological and methodical arsenal. In the conditions of imperial order, violations of human rights (unfounded convictions, imprisonment, physical punishments, national discrimination, etc.) found reflection in anthropologically oriented research methods, which significantly differ from traditional historical approaches. This has opened up the opportunity to better understand ordinary human life, conduct discourse analysis, and democratize the history of the people. The article primarily relies on state archives, special archives of the Ministry of Internal Affairs, and the Prosecutor’s Office of the Republic of Kazakhstan, as well as other secret archival documents and memoirs. Based on these data, the fate of Khadisha Tolebayeva and Mailina Kulzhamal, wives of the “enemies of the people”, and their families are discussed.

**Keywords:** Alash, «enemy of the people», women, family, NKVD, investigative protocols, camp, document.

**For citation:** Z.B. Myrzataeva. Wives of the «Enemies of the people» (From the case materials of Khadisha Tolebayeva No. 0631, Kulzhamal Mailina. No. 04613) // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6), p.p. 12-21. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.02

**Кіріспе:** Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаевтың 2020 жылы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі Жарлығымен құрылған мемлекеттік комиссия, бүгінде өз жұмысын аяқтап, республиканың түрлі өңірлеріндегі жазықсыз жапа шеккендердің құжаттарын «Саяси қуғын-сүргін» және «Алаш ісі» атты кітаптар арқылы жарыққа шығарды [Саяси қуғын-сүргін, 2023; Алаш ісі, 2023].

Аталған мақалада біз, бұрын-соңды жарық көрмеген құжаттар негізімен алаш қайраткері Төлебаев Мырзаханның жұбайы Хадишаның №0631-іс, көрнекті жазушы Майлин Бейімбеттің әйелі Майлина Күлжамалдың № 04613-іс «халық жауының әйелі» категориясы бойынша жазаға ілінуі туралы мәселені талдауға аламыз. Екі отбасының тағдыры мысалында мыңдаған «халық жауларының» әйелдерінің азапты өмірін көзге елестетуге болады.

Біз қарастырған НКВД сот-тергеу іс құжаттары әйел-аналарымыздың екеуі де қарапайым отбасы шаруасымен шектелгенін, ер азаматтарына тірек, қолдаушы және жанашыр жар болғанын көрсетеді. Шағын мақалада Төлебаевтар мен Майлиндер отбасы тағдыры шеңберінде талдау жасалынады, ал шын мәнінде саяси репрессия отбасы өмірін талқандаумен шектеліп қана қойған жоқ-тын, олардың жақын бауырларына, туыстарына да қарсы шүйлігіп, салқын қабақ танытты.

1937 жылдың 5 шілдесінде БК(б)П ОК Саяси бюросының № П51/144 шешімімен: «1. КСРО Ішкі істер халық комиссариатының ұсынған тізіміне сәйкес оңшыл-троцкишіл шпиондық-диверсиондық ұйым мүшелерінің, барлық сотқа тартылған халық жауларының әйелдері 5 жылдан 8 жылға дейін еңбекпен түзету лагерлеріне қамауға алыну туралы ұсыныс қабылдансын; 2. КСРО Ішкі істер халық комиссариатына арнайы лагерлерді Нарым өлкесінде және Қазақстанда ұйымдастыру туралы ұсыныс жасалынсын; 3. Бұдан былай Отанына опасыздық жасаған оңшыл-троцкишіл тыңшылардың барлық әйелдері кем дегенде 5-8 жыл лагерьлерге қамауға алынатын тәртіп белгіленсін; 4. Сотталғаннан кейін олардың артынан қалған 15 жасқа дейінгі барлық жетім балалар мемлекет қамқорына алынсын, ал 15 жастан асқан балалар олардың өздерінің жеке шешіміне қалдырылсын; 5. КСРО Ішкі істер халкомы балаларды қолданыстағы балалар үйлері желісіне және республикалардың наркомпростарының жабық интернаттарына орналастыру ұсынылсын», – делінді [Кречетников, 2017]. Осы құжаттың өмірге келуінен бастап, «халық жауы» әйелдеріне арналған еңбек лагерін ұйымдастыру ісі қарқынды түрде жүргізіле бастады. Сосын әрине, «халық жауы әйелдері» аталатын жаңа категорияға қарсы операция бүкіл совет елін шарлап кетті, ОГПУ-НКВД тырнағына іліккен, ату жазасына кесілгендердің әйелдері, отбасы, тіпті әулеті саяси қудалауға ұшырай бастады. Шын мәнінде «халық жаулары» қоғамның элитасы–оқығандар, өнеркәсіп басшылары, мәдениет саласындағы қайраткерлер болатын.

1938 ж. басында Ақмолада Қарағанды еңбекпен түзету лагеріне қарасты арнайы бөлімше ашылды. Осы жылдың қаңтар айында аталған бағыттағы репрессияның алғашқы толқыны жүріп өтті. Ақмоладағы арнайы бөлімше «халық жауларының» әйелдеріне тез-ақ толып кетті, жартыжылдың ішінде оның толғаны соншалық, Карлаг әкімшілігі айыпталушы әйел-аналарды басқа лагерлерге жіберді, ал күзде ЧСИР-дің Спасск қаласында тағы бір арнайы бөлімшесі ұйымдастырылды. Еңбек лагеріндегі әйелдердің өмірі ерекше ауыр болды.

Әйелдерді репрессиялау не үшін қажет еді? 1970 жылы жазушы Феликс Чуевтің пенсионер Вячеслав Молотовпен саяжайда (дачасында) әңгіме үстінде: «Неге репрессия жазаланушылардың әйелдері мен балаларына да бағытталды?» деген сұрағына: «Қалай неге? Олардың ең алдымен әйелдерін, балаларын, жақындарын қоғамнан аластату қажет болды, әйтпесе түрлі арызды таратушылар солардың нақ өзі емес пе?» - десе керек [Кречетников, 2017].

Міне, осылайша көкірегі ояу әрбір азаматтың жан-жары, балалары, бауырлары бәрі бірдей тағдырдың тәлкегіне ұрынды. НКВД-дағы әрбір айыпталушылардың жеке іс құжатына – оның абақтыға алыну ордері, сосын тәркіленген заттарының тізімдері, айыпталушының әлеуметтік ахуалы көрсетілген жеке парағы, айыпталушылар мен куәгерлерден алынған тергеу хаттамалары, айыптау қорытындылары, ПП ОГПУ жанындағы ерекше үштік отырыстарының хаттамалары және т. б. тіркелген.

Төлебаева Хадишаның «халық жауы әйелі» тізіміне ілігуінің себебі неде еді? Оның жұбайы Төлебаев Мырзахан – Алаш қозғалысының қайраткері, Жетісу облысындағы М.Тынышбаевтың ең жақын серіктерінің бірі, 1916 ж. патша жарлығымен майдандағы жұмысқа алынған Жетісудың жігіттерін бастап барып, 1917 жылы алып қайтқан Қапал уездік Алашорда кеңесінің төрағасы, аштар мен тоналғандарға көмек көрсеткен Қапал комитетін, Алаш әскерін ұйымдастырушылардың қатарынан болатын. Ол Алматы облысының Балқаш ауданында 1888 жылы дүниеге келген. Тұтқындалғанға дейінгі уақытта Алматы зоопаркінің директоры қызметін атқарған (25.01.1937–05.02.1937) [АП РК. Д.04723: 33 П.].

Төлебаев Мырзахан ісімен таныса келе, «корешок расписки» деген құжатқа көзім түсті. Онда тұтқындалушының тергеуге алынғандағы уақыты көрсетілген. 1937 ж. 9



желтоқсанында сұрақ-жауапқа түнгі 01.30-да шақырылып, оның таң атып, сосын түс ауғанша яғни, 9 желтоқсанның 16.20 дейін созылғаны көрсетілген. Ал келесі корешокта сол күннің, 9 желтоқсанының түні [22.00] сағатынан, келесі күннің 10 желтоқсан сағ. 01.00-ге дейін тергеуге алынған [АП РК. Д.04723: 33 П.]. Байқасақ, 9 желтоқсанда үздіксіз 14 сағат, сосын тағы 3 сағат тергеу жүргізілген. Бір күнде 17 сағат тергеуге алуды және НКВД тергеушілерінің сол уақыт аралығында қолданған әдіс-құралдарын көзге елестету өте ауыр. Осы тергеудің ертесіне-ақ, 1937 жылдың 10 желтоқсанында Алматы УНКВД үштігі мәжілісінің хаттамасымен оған ең жоғарғы ату жазасы берілген. Хаттамада оның айыбы ретінде көрсетілген мәліметтер: «1917 жылы Бірінші жалпықазақ съезіне, Алашорданы құруға қатысқан, 1918 ж. алашорданың Талдықорғандық комитетінің төрағасы болып сайланған, совет үкіметіне қарсы әрекет жасаған». Сонымен қатар, «1930 жылы Балқаштағы көтерілісті ұйымдастырған, Қазақстанды КСРО-ның құрамынан бөліп алып кетуге әрекет жасаған» деген айыптар бар. Алайда, Төлебаев Мырзахан тұтқындалған күні толтырған өз анкетасында, ОГПУ қызметкерлерінің таққан айыптарымен келіспейтінін яғни, «Мен өзімді кінәлімін деп санамаймын!» деп көрсетеді [АП РК. Д.04723: 16 П.]. 1938 жылдың 7 наурызында ІІ УК РСФСР-дың 58–2, 58–8, 58–9 баптары бойынша КСРО Жоғарғы сот әскери коллегиясының көшпелі мәжілісі шешімімен ату жазасына кесілген. Үкім сол күні Алматы қаласында орындалған [АП РК. Д.04723: 123 П.]. 1957 жылдың 15 тамызында ақталады [АП РК. Д.04723: 131 П.].

Ал енді осыдан кейін араға үш ай сала 1938 жылдың 10 маусымында, оның жұбайы Төлебаева-Жүсіпова Хадишаға КСРО НКВД Ерекше кеңесінің қаулысымен халық жауының әйелі ретінде тұтқынға алу туралы ордер келіп жетеді. Хадиша Төлебаева 1894 жылы Алматы облысы, Талдықорған ауданында дүниеге келген, ол үй шаруасындағы қарапайым әйел, үш баланың анасы. Төлебаевтардың отбасы мүшелері: Жихангер – 20 жаста, Азамат –12 жаста, Нариман –3,5 жаста еді, ол уақытта.

«Халық жауы» әйелі категориясы тізіміне іліккен Хадишаға қойылған тергеу сұрақтары, сол стандартқа сәйкес, бүгінде көпшілікке белгілі сұрақтармен ғана (яғни қысқаша түрде) шектелген.

Сұрақ: Жолдасыңыз Төлебаевпен қанша жыл бірге тұрдыңыз?

Жауап: Жодасым Төлебаевпен 27 жыл бірге тұрып келемін.

Сұрақ: Күйеуіңіздің антисоветтік қызметі жөнінде баяндаңыз.

Жауап: Күйеуімнің антисоветтік қызметі жөнінде мен ештеңе білмеймін.

22.04.1938.

Сұрақ: Сіз антисоветтік қызметке күйеуіңіздің қатынасы болуы себепті тұтқынға алындыңыз. Сіз оның антисоветтік қызметі туралы біле тұра, қасақана тергеу органдарынан оны жасырдыңыз. Өзіңізді кінәлімін деп есептейсіз бе?

Жауап: Көрсетілген айыптаумен мен өзімді кінәлі санамаймын, күйеуімнің антисоветтік қызметі туралы мен ештеңе білмеймін.

Хаттама менің айтқан сөздерімнің негізінде толтырылды, маған оқытылды, сондықтан қолымды қоямын».

«Хадиша Төлебаеваның қолы қойылған» [АП РК. Д. 06091.: 15 П.].

Құжат стандартты түрде жүргізілген сұрақ-жауап хаттамасынан тұрады. Хадишаның қолтаңбасы түскен. Қолтаңба арқылы, Хадиша анамыздың әріптерді еркін жаза алмағаны байқалады, яғни бұл саясаттан алыс, үй шаруасындағы қарапайым әйел екендігін көрсетеді. «Өзімді кінәлі санамаймын» дегеніне қарамастан Хадиша Төлебаева 8 жыл бас бостандығынан айрылады. КСРО НКВД Ерекше кеңесінің қаулысымен 1942 ж. 2 желтоқсанда 1938 жылғы 10 маусымдағы оған берілген айыптау тоқтатылады, алайда, Қарағанды лагерінен тек 1943 жылдың 8 ақпан айында босатылған [АП РК. Д. 06091: 37].

Төлебаева Хадишаның іс құжатынан, оның еңбек лагеріне түскеннен бастап, 1956 жылға дейінгі аралықта билік, заң органдарына бірнеше өтініш хат жазғанын көруге болады:

«1/ НКВД СССР г.Москва. 22.04.1938; 2/ 2.08.1938; 3/ 1.11.1938; 4/ Председателю Верховного Совета СССР т.Калинину 10.05.1938; 5/ Наркому Н.И. Ежову. г.Москва

4.12.1938; 6/ Прокурору республики КазССР 23.11.1940; 7/ Первому секретарю ЦК КПСС товарищу Хрущеву 24.12.1955; 8/ Министру МВД КазССР 28.01.1956; 9/ Пом.военного прокуратуры Турк ВО Алматинского гарнизона 3.05.1956; 10/ Прокурору Республики КазССР 3.03.1956; 11/ 5.05.1956; 12/ Председателю Комитета Госбезопасности при Совете Министров КазССР 28.06.1956 [АП РК. Д. 06091.]. Сақталған хаттың ұзын саны – 12. Хаттарда балаларын сағынған, оларды ойлап сары уайымға салынған қорғансыз ананың дауысы, әділетсіз жүйенің әйел адамның тұрмысын қасақана қиындатып, баспанасынан айырғаны, өзіне ешкімнен пана таппаған әбден қалжырап шаршаған, түрлі ауруды бір бойына жиған әлсіз, нәзік әйелдің өмірі байқалады.

Оның 1956 жылғы 5 наурыздағы хатында «я не была допрошена органами следствия и мне не было суда, а считали по списку, дали 8 лет» деп жазады, лагерде малшы болып жұмыс істедім, денсаулығымнан айрылдым, ылғи да ауырып жүремін. Тұтқындау сәтінде менің барлық құжаттарымды тартып алды, пәтерімнен де айрылып қалдым. Қазіргі тұратын жерім жертөле, шатырдан су ағады, қабырғасы үгітіліп түсіп жатыр деп барлық ауыр тұрмысын көрсетеді. «Менің кінәм неде, мен не үшін сотталдым, мен білмеймін!» [АП РК. Д. 06091.], – деп жазады.

Хадишаның жоғарыда көрсетілген 1956 жылғы хаттарында, өзі бостандыққа шыққан 13 жылдан кейінгі жағдайы болатын. Яғни, бостандыққа шықса да оның отбасына мемлекет асқан салқындық танытқан. Төлебаев Мырзаханның әйелін, балаларын қоғамнан ығыстыру, жұмысқа қабылдамау, тұрмысын ауыр жағдайда ұстау сияқты қинаудың өзгеше формасына көшкен.

Мысалы, 1938 жылы анасынан ажырап қалған 12-дегі Азамат, 1956 жылы 30 жастағы жігіт еді. Хадишаның жеке іс-құжаты ішінен Азамат Төлебаевтың хаттарын көреміз. Азаматтың 1956 ж. хатында әкесінің тұтқынға алынғанынан бері ол туралы мәліметтерден мүлдем хабарсыз екені, әкесінің «қылмыстары» үшін өз мамандығы бойынша қызмет те жасай алмай жүргені, отбасы тұрмысының өте ауыр жағдайдан шығуы мүмкін емес екендігі айтылады. Қазіргі уақытта дейді ол, қабырғалары сөгіліп түсіп жатқан жертөледе тұрып жатырмыз, Алматыдан үй алу бізге қиынның-қиыны деп шағымданады (04.05.1956 ж.) [АП РК. Д. 06091.].

Үкіметтен пана таппай, шырылдаған Хадиша анамыздың үні, ендігі таңда балаларының өтініш, арыздарынан көрініс тапқан. Ал енді, кезінде әкесінен де анасынан да ажырап балалар үйін жағалап ержеткен 3,5–4 жастағы Нариман 1956 ж. хат жазған шағында, есебіміз бойынша 22 жастағы азамат екен. Ол да: «нигде не принимают на работу, только из-за отца, я это добиваюсь уже несколько лет, узнать за что был арестован и в чем заключается его проступок и почему должны страдать семья? Я остался 2–х лет после ареста отца. Но я был в прокуратуре КазССР и они не ответили. 21.02.1956 ж.» [АП РК. Д. 06091.] (04.05.1956 ж.), – деген құқық органының алдына заңды сұрағын қояды. Бұл хатта кісінің терең рухани дағдарысқа түскен күйін көре аламыз. Тіпті жыларман адамның дауысын естуге болады. Тағы да, ол: «сейчас мать болеет и нетрудоспособна, т.к. потеряла свое здоровье в лагере и у ней было забраны все документы. Прошу вас убедительно поймите мое и матери тяжелое положение, дайте добиться результата моего отца и почему должна страдать семья? Еще раз прошу Вас товарищ прокурор дайте ответ 21.02.1956» [АП РК. Д. 06091.] (04.05.1956 ж.), – деп жазады.

**Әрине іс құжаттан бұл хаттарға жауап берілмеген. Хаттар тек осы аталған папкаға тіркеліп қойылуымен шектелген.**

Майлина Күлжамал. Тергеу іс-құжаты айыпталушының жеке парағынан басталады. Онда Майлина Күлжамалдың 1900 жылы туылғаны, Ақтөбе облысының Қарабалық ауданында дүниеге келгені, мекен-жайы – Алматы қаласындағы Исыкульский № 129 үй делініп көрсетілген. Оның әлеуметтік тегі – кедей отбасынан, үй шаруасындағы 5 баланың анасы, сауаты жоқ делінеді. Сонымен қатар жеке іс парағында оның балаларының тізімі

берілген: қызы Майлина Маулиха – 12 жаста, қызы Гүлсім – 4 жаста, ұлы Ауқен – 17 жаста, ұлы Мереке – 12 жаста, ұлы Едіге – 8 жаста [АПРК. Д. 04613].

Алғашқы сұрақ-жауап хаттамасы 1938 жылдың 25 сәуірінде алынған. Тергеуді оперуполномоченный УГБ сержант госбез. Курусь жүргізген.

Онда жолдасы Бейімбет Майлинге қашан тұрмысқа шыққаны сұралады, жауап ретінде 1918 жылдан оның тұтқындалған уақытына дейін бірге тұрғаны айтылған. Тергеушінің екінші сұрағы «Сіз УК РСФСР 17–58–2–8–11 баптары бойынша айыпталасыз. Жолдасыңыз Майлинмен бірге қылмыс жасадыңыз. Сіз мұны мойындайсыз ба? - деген сұрақ қояды. Ал Күлжамал Майлина «бұл айыпты мойындамаймын, онымен бірге қылмыс жасағаным жоқ» дейді. Тергеуші «бізге белгілі, сіздің жолдасыңызбен бірігіп оның контрреволюциялық қызмет жасағаныңыз. Оны қасақана совет органдарына хабарламадыңыз. Тергеу ісі сол туралы жүйелі жауап айтуыңызды талап етеді».

Күлжамал Майлина: «Мен жолдасымның контрреволюциялық жұмыстары туралы ешқашан білген емеспін және онымен бірлесіп ештеңе жасаған жоқпын» дейді. Міне осы тергеу хаттамасынан басқа тергеу болмаған. Жоғарыда Хадиша Төлебаевадан алынған сұрақ жауапқа ұқсайды. «Халық жауы» әйелдерінің тергеу хаттамаларының ерекшелігі, тергеушілерге олардың кінәлі деп мойындағандары маңызды емес еді. Өйткені олар арнайы тізіммен қамауға алынуы қажет болған. Осындай стандартты тергеу процесінен кейін 1938 ж. 21 сәуірінде НКВД-ның Ерекше кеңесінің хаттамасы жасалынады. Оның көшірмесінде Майлина Күлжамал – халық жауы отбасының мүшесі ретінде 1938 ж. 13 сәуірінен бастап, еңбекпен түзету лагеріне 5 жылға бас бостандығынан айырылатыны көрсетілген.

Майлина Күлжамалдың хаттарын эмоциясыз оқу мүмкін емес. 1939 жылдың 8 қарашасында Москваға НКВД-ға Берияға жолдаған өтінішінде өзінің әлеуметтік шығу тегін баяндай келе, ол өзі жөнінде тоқталғанда, автобиографиясының ауыз толтырып айтатын түгі де жоқ екенін, яғни, тұрмыс құрғалы өмірге сегіз бала әкеліп, оның бесеуін аман-есен өсіріп келгенін, тек сол балаларды күтумен, үй шаруасымен ғана айналысқанын айтады, совет үкіметімен жауласу қаперінде болмағанын түсіндіргісі келеді. Сондай-ақ, сауаты небәрі қазақ тіліндегі «сауатсыздықты жою» деңгейімен шектелетінін, яғни, тіпті еркін жазуды игере алмағанын айтқан.

Үй шаруасының өзі оның денсаулығына оңай тимегенін, ал жолдасының ешқашан әдебиет саласында онымен ой бөліспегенін, оның контрреволюциялық бағытта жүргенін білмейтінін баяндайды, соңында өзін қатты қажет ететін балаларымен қауышуына рұқсат етуін жалынып сұрайды (курсив – автордыкі).

Алайда, 5 жыл бас бостандығынан айрылған Күлжамал Майлина 1957 жылы 26 сәуірдегі хатында соғыс аяқталғанша бостандық көрмегенін жазған:

«... Я совместно с другими женами полит. заключенных, была направлена в район г.Акмолинска, позже оттуда направлена в район Карагандинской области. В заключении я находилась до конца Отчечественной войны и вконец 1945 г. я была освобождена. В течении 7 лет, я выполняла все порученные работы, в основном была чабаном и старшим чабаном» [АПРК. Д. 04613. Л.36 и об.л.]. Ресми құжаттар Күлжамал Майлинаның 1938 жылдың 13 сәуірінен бастап 5 жылға бас бостандығынан айрылғанын көрсетеді, шын мәнінде ол 1942 жылға дейін емес, 1945 жылға дейін тұтқында болған. Ресми құжатта көрсетілмеген бұл ақпарат оның өз хатында баяндалады. Бұл әрине, адам тағдырын әбден тәлкек еткен совет билігі жүйесі қылмыстарының бірі ғана еді. Мұндай жағдай репрессия тарихнамасында жаңалық емес, «тіпті, қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің көпшілігінің мерзімі 1942-46 жылдары аяқталса да, бірақ Сталин қайтыс болғанға дейін олардың барлығы лагерьлерде жалдамалы жұмысшылар ретінде қала берген. Соңғысы 1958 жылы оралған [Кречетников, 2017], – деген мәліметтерді кездестіруге болады.

Осылайша ешқандай тергеу амалдарынсыз, заңсыз бала-шағасынан 7 жыл бойы жырақта болғаны, алдымен Акмолада, сосын Қарағанды облысында ең ауыр жұмыстарды атқарғаны (мал бағумен айналысқан) адамның жанын түршіктіреді. Майлина Күлжамалдың

№ 04613 бақылау (наблюдательное дело) ісінде оның 1938 жылдың 13 сәуіріндегі 355 ордері негізімен пайдалануға тиым салынған (опечатанный) үйіндегі дүние-мүліктерінің тізімі келтіріледі. Онда тұрмыстық барлық заттарының ұзын саны 44. Тізімнің ішінде киім-кешек (тіпті мешок со старой обувью), ас үй заттары, тұрмыстық жабдықтар жазылған. Барлық заттың құны белгіленіп, қорытысында 332 сом 50 тиынға бағаланады.

Майлина Гүлжамал 1939 ж. 1 сәуірінде жазған өз өтінішінде мекен жайын Алматы қаласындағы Исыкульская 129, №7 корпус, №2 пәтер деп көрсете келе, осы үй мүліктерінің конфискеленбеген жағдайда заттарының ақшалай құнын ҚазССР, Ақмола қаласы, № 12 ящикке, 29 баракқа жолдауын сұранады. Өтініштің соңында Гүлжамал апамыздың латын әріптерімен «Майлина» деген, жазуды жаңа үйренген сияқты адамның қолтаңбасы түскен. Мұнан байқайтынымыз әрине, билік «халық жауларын» атып тастаумен шектелмей, әйелдерін қамап ұстап, ал балаларын тартып алып, туған туыстарын қудалап өшігуінің негізгі себебі өзіне ұзақ жылдар қарсы тұра алмайтын қоғам құру болды. Қоғамда құқысыздық жайлады. Билік өз елімен осылайша күресті, қорқытып тастады. Расында ұзақ жылдар бас көтере алмайтын ынжық, әрі жылпос ұрпақ өмірге келді, соңында тарихи жады адасқан қоғам пайда болды...

Ал құжаттың келесі бетінде 1939 ж. 13 тамызында жазған хаты бар. Онда 1938 жылғы 13 сәуіріндегі хатына әлі жауап ала алмағаны, «...у меня осталось 5 человек детей которых очень нужна. Прошу срочно сообщить...» дейді.

Ал үшінші өтінішінде Майлина Гүлжамал бұл сұрақтарға жауап ала алмай жүргеніне екі жыл өткенін, қамауға алу үстінде келген адамдардың кімдер екенін мүлдем білмейтінін, көз алдында бес баласын тартып алып, қамауға алып жатқанда, ОГПУ қызметкерлері дүние мүліктерін көршісіне тапсырды ма, жоқ әлде олар мемлекеттік тәркілеуге алынды ма, ол жөнінде тіпті білмейтінін жазады. Бұл хат 1940 ж. 24 ақпанында жазылған.

Осы хатқа тек 1940 ж. 22 сәуірінде жауап келген.

1957 жылы 16 сәуірде қылмыстық істер бойынша ҚазССР Жоғарғы сот коллегиясы Майлина Гүлжамалды кінәсі жоқ деп табады [АПРК. Д. 04613.].

Дәметер Сейітжанова – Бейімбет Майлиннің жиені. Оның журналист Эльмира Садвакасоваға берген сұхбатында: «Тетя Юлия деген көршілері «сендерді 3 түрлі детдомға жіберейін деп жатыр» дегенде 12 жасар Рәзия бастығына дейін кіріп, ағатайлап, «әкеміз бен шешеміз жоқ, біз үшеуміз бірге болуымыз керек» деп жылаған, ал Галина басқа жаққа жіберілді» [электронды ресурс. <https://mtrk.kz/kz/2021/05/21/Beyimbet-Maylinnin-zhieni-otbasylary/>] деген естелік айтады. Әрі қарай бұл сұқбатта «Дәметер Сейітжанованың анасы Рәзия ол кезде небәрі 12-де еді, ойын баласы бірден есейіп, әке мен шешенің рөлін өз мойнына алды. Солақай саясаттың зардабын балалар үйінде де олар молынан көрді. Барлығы «халық жауының перзенттері» деп саусақтарын шүкшитты. Кейін мекемеден тіптен қуылды. Алайда, қазақтың қайсар ұлы Бейімбеттің балалары да мойымады, жасымады. Рәзия Мәскеуге хат жазып, әкесінің адалдығын дәлелдеуге тырысты. Қарағандыдағы концлагерьге барып, анасын іздеді. 1943-те арманы орындалып, шешесі Гүлжамал Майлинамен қауышты» дейді.

Тарихи құжаттарда Майлиндер отбасы мүшелерінің тізімінен Рәзия есімін көрмейміз, 12 жастағы қыз баланың есімі Маулиха деп көрсетілген. Соған қарағанда Маулиха анамыздың есімі кейін Рәзия деп өзгертілген болса керек. Бұл сұқбатта «кіші қыздары Гүлсім жанұясының тірі екенін білмей өседі. Рәзия Бейімбетқызы кеңес үкіметіндегі барлық балалар үйіне хат жазып, оны бірнеше жыл бойы іздейді. Сарқан балалар үйінен «Бізде Майлина Галина Бейімбетовна бар» деген хат келеді. Ол біздің Гүлсім екен. Осылайша, 1950 жылдарда Майлиндер жанұясының басы қайта қосылады» деген жолдарды оқимыз. Сонымен қатар, «Би ағаның үлкен ұлы Әйкен де сотталады, ал соғыс басталғанда штрафбатқа түседі. Сөйтіп, тұңғышы хабар-ошарсыз кетеді. Ол 1943 жылы Ресей жерінде қаза тауыпты». Отбасының Мерке, Едіге атты азаматтар да бар. Өкінішке орай автор бұл кісілердің өмір тағдыры жөнінде мағлұматтармен таныс емес. Майлиндер отбасының тағдырлы тарихы арнайы зерттеу тақырыбына әбден лайық. Болашақ зерттеушілер бұл

мәселені әрі қарай жалғастырар деп ойлаймын. Осылайша советтер үкіметі «халық жауы» отбасымен кек алысты, олардың бұл күрес 1930-жылдармен шектелмейді, ол 1950-ге дейін созылғанын көре аламыз. Әрине, саяси көзқарасын білдіргендерді жазалау 1960-1980 жылдарда да жалғасып, олар бұл жолы «өзгеше ойлаушылар», «диссиденттер» т.б. аталды...

**Қорытынды.** Қорыта келе, «халық жауы» әйелдері жиналған Ақмола лагері қоғамның элитасы, сауатты интеллигенциялық отбасы мүшелері жиналған орта еді. Қамаудағы әйел-аналарды сүйікті жарынан мәңгіге айырып, ал туған балаларын тартып алып, ұзақ жылдарға ажырату – ана үшін жазалаудың асқан қатыгез формасы еді. Қамауға түскен аналардың іс-құжаттары «балаларыма қажетпін», «балаларымды өзім бағайыншы» деген жан тебіренерлік өтініш хаттарға толы болды. Олар тағдырдың қандай да бір тәлкегін көрсе де, әйел-ана ретіндегі мейірімі мен асқан рухани тазалықты сақтай алды.

Мұндай тақырыптардағы зерттеулер жастардың санасына сіңіру үшін, тарихи жадыны қалыптастыру үшін аса қажет деп ойлаймыз.

### ӘДЕБИЕТ

АП РК. Д. 06091. Следственное дело Толебаевой Хадиша.

АП РК. Д.04723. Материалы проверки по делу Толебаева Мурзахана.

АП РФ. Ф. 3. Оп. 58. Д. 174.

АПРК. Д. 04613. Наблюдательное дело Майлиной Хадиша.

*Кречетников А.* Как в СССР сажали жен и детей «изменников родины» Русская служба Би-би-си, Москва. 5 июля 2017 // [<https://www.bbc.com/russian/features-40471460>]

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың XX ғасырдың 20–50 жылдары) / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Карин. – Астана, 2023. Т.1. Б. 31-50.

«Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2022. Т.1. 2023. Т.2. Құраст.: М.К. Койгелдиев (ответ. ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова.

### REFERENCES

AP RK. D. 06091. Sledstvennoe delo Tolebayeva Khadisha.

AP RK. D.04723. Materialy proverki po delu Tolebaev Murzakhan.

AP RF. F. 3. Op. 58. D. 174.

APRC. D. 04613. Nabludatelnoe delo Mailina Khadisha.

*Krechetnikov A.* Kak v USSR sajali zhen I detei “izmennikov rodiny” Russkaya slujba BBC, Moscow. July 5, 2017 // [<https://www.bbc.com/russian/features-40471460>]

Sayasi kugyn-surgin qurbandaryn tolyq aktau zhonindegi Memlekettik kommissiyanyn materialdary (XX gasyrdyn XX gasyrdyn 20-50 zhildary) / Zhalpy redakciasyn baskargan E.T. Karin. - Astana, 2023. T.1. B. 31- 50. (In Kazakh)

“Alash isi. 1920-1930 LJ. OGPU zhurgizgen zhasandy tergeu isinin quzhattary men materialdary” – Almaty: TOO “Izdatelstvo LEM”, 2022. Vol. 1. 2023. Vol. 2. Kurast.: M.K. Koigeldiev (otvet. red.), Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakulova. (In Kazakh)

**Автор туралы мәлімет:** Мырзатаева Забира Балабекқызы – Абай атындағы ҚазҰПУ, «Айтылған тарих» ғылыми лабораториясының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты. Жамбыл көш.25, Алматы қ. Қазақстан Республикасы. ORCID 0000-0003-2899-9007. E-mail: Zabyra73@mail.ru

**Сведения об авторе:** Мырзатаева Забира Балабековна – Руководитель научной лабораторий «Айтылған тарих», кандидат исторических наук. Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Ул. Джамбула, 25, г.Алматы, Казахстан. ORCID 0000-0003-2899-9007. E-mail: Zabyra73@mail.ru

**Information about the author:** Myrzataeva Zabira Balabekovna – Head of the scientific laboratory “Aitylgan Tarikh”, candidate of historical sciences. Kazakh National Pedagogical

University named after Abay. Dzhambul St., 25, Almaty, Kazakhstan. ORCID 0000-0003-2899-9007. E-mail: Zabyra73@mail.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 31.05.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 17.06.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2024.*

**«АЛАШ ІСІ. 1920-1930 ЖЖ. ОГПУ ЖҮРГІЗГЕН ЖАСАНДЫ ТЕРГЕУ ІСІНІҢ  
ҚҰЖАТТАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫ»  
(археографиялық талдау)**

***Р.М. Мирзакулова***

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Ұсынылған мақалада «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» архив құжаттары жинағының екітомдығына археографиялық талдау дайындалды. Кітаптың бірінші және екінші томына енгізілген құжаттардың түрлері, хронологиялық шеңбері, басылымның әр томына дайындалған ғылыми-анықтамалық аппараты туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар, архивтік-тергеу құжаттарын іріктеу, мәтінін рәсімдеу, оларды басып шығарудың ерекшеліктері айтылды.

Мақаланың мақсаты кітапта жарияланған құжаттар құрамымен және археографиялық өңдеудің ерекшеліктерімен таныстыру. Оны басып шығаруда құрастырушы ұжым алдына, біріншіден, жастардың, келешек ұрпақтың санасына дәуірдің қарама-қайшы мәнін, екіншіден, қуғындалған адамдардың қандай жағдай басына түссе де болашаққа сенімін жоғалтпауы, төзімділігі, рухының мықтылығын жеткізуді мақсат қойды. Үшіншіден, өздері қалаған қоғамның бейнесін ашып көрсетті. Жинаққа енген материалдар қамауға алынған қазақ ұлтшылдарының тағдыры туралы баяндайды, жалпы батыл, әрі қайғылы ХХ ғасыр туралы толғандырады, антихалықтық саясаттың жүргізілуі нәтижесінде орын алған оқиғалар туралы құжаттар тілімен жеткізу болып табылады. Мақаланың негізгі міндеті – Алаш тарихына қатысты тергеу құжаттарын әйгілеу, осы күнге дейін белгісіз мәліметтерді жарыққа шығару.

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Мақаланың негізгі мақсаты – Алаш тарихына қатысты тергеу құжаттарын, бұрын беймәлім мұрағаттық құжаттарды жариялау. Құжаттық жинаққа Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларынан және басқа да дереккөздерінен іріктелген құжаттар енгізілді. Мұрағаттық құжаттар мазмұнына қарай топтастырылып, сараланды.

**Тірек сөздер:** тарих, архив құжаттары, саяси-қуғын-сүргін құрбандары, Алаш ісі, тергеу материалдары, репрессия.

**Сілтеме жасау үшін:** Р.М. Мирзакулова. «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» (археографиялық талдау) // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). 21-26 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.03

**«АЛАШСКОЕ ДЕЛО. 1920-1930 ГГ. ДОКУМЕНТЫ И МАТЕРИАЛЫ  
СЛЕДСТВЕННОГО ДЕЛА, СФАБРИКОВАННОГО ОГПУ»  
(археографический анализ)**

***Р.М. Мирзакулова***

Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан)

**Аннотация.** В данной статье представлен археографический анализ двух томов сборника документов «Алашское дело 1920-1930 гг. Отмечены виды документов,

включенных в первый и второй тома книги, хронологические рамки, научно-справочно аппарат, подготовленный для каждого тома издания. Кроме того, были отмечены особенности отбора архивно-следственных документов, оформления текстов, их публикации.

Цель статьи ознакомить с составом опубликованных в книге документов и особенностями археографической обработки. При публикации двух томов книги составительский коллектив поставил перед собой цель, во-первых, донести до сознания молодежи, будущих поколений противоречивую сущность эпохи, во-вторых, чтобы изгнанные люди не теряли веру в будущее, терпимость, силу духа, что бы ни случилось. В-третьих, раскрыли образ общества, которое они создали. Материалы, вошедшие в сборник, рассказывают о судьбе арестованных казахских националистов, характеризуют в целом трагический XX век, являются документами о событиях, произошедших в результате проведения антинародной политики.

**Материалы и методы исследования.** Основная задача статьи – популяризация следственных документов, касающихся истории Алаша, публикация ранее неизвестных архивных документов. В сборник документов были включены документы, отобранные из фондов Архива Президента Республики Казахстан и других источников. Архивные документы были сгруппированы по содержанию и проанализированы.

**Ключевые слова:** история, архивные документы, политические репрессии, Алашское дело, следственные материалы, репрессия.

**Для цитирования:** Р.М. Мирзакулова. «Алашское дело. 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ» (археографический анализ) // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). С. 21-26. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.03

## «ALASH CASE 1920-1930. DOCUMENTS AND MATERIALS OF THE INVESTIGATIVE CASE FABRICATED BY THE OGPU» (archaeographic analysis)

*R.M. Mirzakulova*

Kazakh National Pedagogical University named after Abai (Kazakhstan)

**Abstract.** This article presents an archaeological analysis of two volumes of the collection of documents The Alash affair of 1920-1930. The types of documents included in the first and second volumes of the book, the chronological framework, and the scientific reference apparatus prepared for each volume of the publication are noted. In addition, the peculiarities of the selection of archival and investigative documents, the design of texts, and their publication were noted.

The purpose of the article is to familiarize with the composition of the documents published in the book and the features of archaeological processing. When publishing two volumes of the book, the compilation team set a goal, firstly, to convey to the consciousness of young people and future generations the contradictory essence of the era, and secondly, so that the exiled people do not lose faith in the future, tolerance, and fortitude, no matter what happens. Thirdly, they revealed the image of the society they had created. The materials included in the collection tell about the fate of the arrested Kazakh nationalists, characterize the tragic twentieth century as a whole, and are documents about events that occurred as a result of anti-people policy.

The main objective of the article is to popularize investigative documents related to the history of Alash, the publication of previously unknown archival documents.

**Keywords:** history, archival documents, political repression, Alash case, investigative materials, repression.

**For citation:** R.M. Mirzakulova. «Alash case 1920-1930. Documents and materials of the investigative case fabricated by the OGPU» (archaeographic analysis) // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6), p.p. 21-26. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.03

**Кіріспе.** Тарихи құжаттарды жариялау әр уақытта ғылыми және қоғамдық-саяси маңызды іс болды, әсіресе бүгінгі күні оның маңызы өсе түсті. Қоғамдық сананың өзгеруі, ғасырлық дәстүрлі өмір құндылықтарының қайта оралуы қалың бұқара топтарының отандық тарихқа, өзінің өңірінің тарихына, рухани қайнар көздеріне қызығушылығының артуына себеп тигізді. Соңғы екі онжылдықта архивтерді жаппай құпиясыздандыруға байланысты зерттеушілер бұрын-соңды ғылыми айналымға енбеген құжаттардың бірқатарына қол жеткізді. Сондықтан құжаттарды жариялау мен архив материалдары бойынша жинақтарды дайындау тарих беттерін түсіну үрдісінде ғылым тұрғысынан маңызды іс болып табылады.

Шынайы тарихи оқиғаларды, өткен ұрпақтың өмірін жаңғырту тарихи білімнің сенімді дерегі ретінде архив құжаттарына жүгінусіз мүмкін емес. Бірақ кейде зерттеушінің архивтерде жұмыс істеуге мүмкіндігі бола бермейді. Бұл жағдайда оларға жарияланған құжаттар жинақтары баға жетпес жәрдем болады. Сонымен қатар, архив құжаттары негізінде дайындалған кітаптар да жинақтар есебінде қызмет етеді.

Құжаттық басылымдарды дайындау – көп уақытты, тарих ғылымының әртүрлі салалары, тақырып, құжаттық қорлардың құрамы мен мазмұнынан хабардар құрастырушыларды қажет ететін күрделі іс.

**Талқылау.** Соңғы уақытта ХХ ғ. 30 жылдардағы қуғын-сүргін құрбандарын айыптау мақсатында тергеу істерін құпиясыздандыру процесі жүргізіліп, көптеген сот-тергеу материалдарына қол жеткізілді. Сол архивтік-тергеу құжаттарының негізінде 2022 ж. және 2023 ж. «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» еңбегінің екі томы жарық көрді [Қойгелдиев және т.б., 2022].

Оқырмандар назарына ұсынылған екітомдық басылымының бірінші томы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының тарихы бойынша проф. М. Қойгелдиевтің ғылыми зерттеулерінің қисынды жалғасы болып табылады. 1994 ж. «Алаш қозғалысы» монографиялық зерттеуінің бірінші кітабы [Қойгелдиев, 1995], 2017 ж. екінші кітабы жарық көрді [Қойгелдиев, 2017]. Алаш қозғалысының тарихына оның «Қорғансыздың күнін кешкендер» [Қойгелдиев, 2019], «Қиянат анатомиясы» [Қойгелдиев, 2020] және т.б. зерттеулері арналған. 2004-2008 жж. М. Қойгелдиевтың басшылығымен Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві қызметкерлерінің қатысуымен «Алаш қозғалысы. Движение Алаш» құжаттар жинағының 4 томдығы жарияланды [Қойгелдиев, 2004-2008].

«Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» деректі басылымының бірінші томына алашордалықтарға қатысты екі тергеу ісінің құжаттары мен материалдары кірді. Олардың біріншісі – мәні бойынша алашордалықтарға шабуылдың басталуы болып табылатын 1925-1926 жж. «Торғай ісі», ал екіншісі – 1927-1930 жж. қамтиды.

Кітаптың бірінші бөлімінде «Торғай ісінің» деректі материалдары, екінші бөлімде қазақстандық тергеу кезеңінің деректі материалдары, ал үшінші бөлімде Мәскеу тергеу кезеңінің деректі материалдары (1929 ж. шілде – 1930 ж. сәуір) орналасқан. Бөлімнің соңғы тарауында 1930 ж. 4 сәуірдегі ОГПУ алқасының шешімінен кейін осы іс бойынша сотталғандардың тағдыры туралы мәліметтер қамтылған материалдар ұсынылады.

Бірінші бөлімде жарияланған құжаттар мен материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған. Екінші және үшінші бөлімдерде құрастырушылар материалдарды құрылымдаудың проблемалық-хронологиялық принципін басшылыққа алды. Бұл бөлімдерде құжаттар тақырыптық негізде топтастырылған, яғни топтық тақырыптармен біріктірілген және ішінде хронологиялық негізде орналасқан.

Қазіргі уақытта саяси қуғын-сүргін материалдары ҚР ІІМ Полиция департаментінің архив қоймаларынан ҚР Президентінің Архивіне тапсырылды, сәйкесінше құжаттар ғылыми-техникалық өңдеуден өтуде. Бұл процесс біраз уақытқа созылуы мүмкін екенін ескере отырып, құрастырушылар ұжымы археографиялық аңызда «Алаш ісі» материалдары анықталған Алматы қаласы Полиция департаментінің Арнайы мемлекеттік архивін көрсету орынды деп тапты.



Екітомдықтың екінші томында оқырманға алашордалықтарға қатысты 1930 ж. 4 тамыз бен 1932 ж. 20 сәуір аралығын қамтитын екінші тергеу процесінің құжаттары мен материалдары ұсынылды. 1957 жылдан 1993 жылға дейінгі кезенді қамтитын қорытынды бөлім «реабилитация материалдарында» ҚазКСР прокуратурасының наразылықтары, ҚазКСР ҚК қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының ұйғарымдары, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың туыстарының хаттары, арыздары, жеделхаттары келтірілген.

Құжаттарды басылымға іріктеу барысында сот процесерін зерттей отырып, құрастырушылар куәгерлердің көрсетулерін жариялауды жөн көрді. Мысалы: А. Байтұрсыновтың тергеу материалдарынан бөлек С. Нұрышев пен И. Абдрахимовтың көрсетулері жарияланған. Ағайынды Әділевтердің ісі бойынша М. Кеншімовтың, А. Байдуллаевтың, Т. Құлмұратовтың тергеу материалдары жария етілді. Ж. Ақпаевтың ісі бойынша, оның жауап алу хаттамаларынан басқа, басылымға басқа адамдардың айғақтары енгізілді, мысалы: О. Мырзахметов, О. Байтөлеков, Т. Тоқшықпаев, Б. Тұрабаев, Б. Алдабаев, Ж. Түменбаев және тағы басқалар.

Жауап алу хаттамалары бір-бірін толықтырған кезде, олардың барлығы басылымға қосылды. Егер бірнеше тергеудегі адамдардан жауап алу хаттамаларында бірдей ақпарат болған жағдайда, олардың біреуін жариялап, қалғандары туралы ескертпеде олардың мазмұны ұқсас екенін көрсетілді. Егер істе болжамды немесе қалаулы тергеу жауаптарының сұрақтары мен рефераттары болған жағдайда, олар жарияланып отырды, өйткені тергеуді бұрмалау әдістері туралы түсінік береді.

Бетпе-бет ставкалар, айғақтар хаттамалары да басылымға енгізіледі, өйткені олар көбінесе айыптауды құрудың негізі болып табылады.

Айыпталушының тергеушіге және басқа органдарға берген мәлімдемелері тергеу барысында айыпталушының жағдайын сипаттайтындығына және тергеу әдістері туралы түсінік беретіндігіне байланысты басылымға енгізілді.

Прокуратураға, жоғары сот инстанцияларына немесе ВЦИК-ке, КСРО ОСК-на, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төралқасына өтініштер енгізілді, өйткені олар айыпталушының өзіне тағылған айыптарға қатынасын барынша толық көрсетеді.

Мысалы:

Заявление А. Ермекова в Президиум ВЦИК РСФСР о невиновности

г. Алма-Ата

28 декабря 1931 г.

СГА ДП г. Алматы. Д. 06610. Т. 3. Л. 188-195 об. Автограф.

Заявление М. Ауэзова Коллегии ОГПУ СССР о невиновности

г. Алма-Ата

29 октября 1931 г.

СГА ДП г. Алматы. Д. 06610. Т. 3. Л. 112-114. Автограф.

Жинақта құжаттар хронологиялық ретпен орналастырылған. Бір күнге белгіленген құжаттар кездескен кезде жүйелеудің номинативті-авторлық белгісі пайдаланылады: түрі мен авторлары бойынша неғұрлым маңызды құжаттар бірінші кезекте орналасады. Кейбір жағдайларда хронологиялық бұзушылықпен жүйелеудің тақырыптық белгісі қолданылады, мұндай құжаттар топтық тақырыптармен біріктірілген: № 132-135, № 348-350.

Мәтіндерді археографиялық өңдеу қазіргі емле ережелеріне сәйкес, бірақ түпнұсқалардың стилистикалық және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып жүзеге асырылды. Түпнұсқа транскрипциясында жалқы есімдер, тұқым атаулары және географиялық атаулар берілген. Археографиялық аңыздың алдында үйінділер, қарарлар мен қоқыстар қайталанады.

Көрсетулердің басым бөлігі айыпталушылардың қолымен қаламмен сары қағазға жазылғандықтан, оларды оқу қиынға түсті. Соған қарамастан, құрастырушылар ұжымы оларды мүмкіндігінше толық жариялауға тырысты. Аталған құжаттардың кейбіреуінде тергеу жүргізу уақыты да көрсетілген, яғни түнде де, күні-түні тоқтаусыз жауап алынғанын байқауға болады.

Құрастырушылар ұжымы барлық құжаттардың шимайларына дейін байқап, мұқият әрі толық жариялауға тырысты. Ол зерттеушілерге, оқырмандарға детальды зерттеуге мүмкіндік береді.

Аталған құжаттардың тарихи құндылығына келсек, олар:

- 1) қуғын-сүргінге ұшырағандардың жеке өмірбаянының деректерін (әлеуметтік шығу тегі, жасы, кәсібі, материалдық және отбасылық жағдайы, білімі және т. б.) көрсетеді;
- 2) алашордалықтарға қатысты қуғын-сүргін жүргізудің негізгі себептерін анықтайды;
- 3) Кеңес өкіметінің өзіне және большевиктер жүргізген іс-шараларға қатысты халықтың көңіл-күйін сипаттайды (ұжымдастыру, мал келісімшарты және т.б.);
- 4) облыстық ОГПУ бөлімінің айыпталушылармен жұмыс істеу әдістерін ішінара ашады;
- 5) алашордалықтарға қатысты саяси қуғын-сүргін тарихын ішінара қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Барлығы 2 кітапта 1028 құжат жарияланды. Олардың басым бөлігі алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді.

Жинақ тарихи және археографиялық алғысөздерді, ескертпелерді (жол асты және мазмұны бойынша), атаулы көрсеткішті, қысқартылған сөздер тізімін, жарияланған құжаттар тізбесін және пайдаланылған архив қорларының тізімін қамтитын ғылыми-анықтамалық аппаратпен жабдықталған.

Кітаптың екі томы бойынша «Алаш ісінің» барлық қатысушыларына өмірбаяндық анықтамалар ұсынылған (бірінші кітапта барлығы 44, екінші кітапта – 20 адамға). Сонымен қатар тергеушілер мен ОГПУ қызметкерлеріне анықтамалар жазылды. Анықтамалар негізінен жинақта жарияланған құжаттардағы деректерді көрсетеді. Бұдан басқа, архив көздерінен алынған мәліметтер келтірілген. Сот процесіне қатысушылардың әрқайсысы туралы анықталған материалдардың дәрежесіне байланысты өмірбаяндық анықтамаларда баяндалған ақпарат біркелкі емес. Егер тергеуге қатысушылардың бірі туралы қысқаша өмірбаяндық мәліметтер (туған күні, әлеуметтік мәртебесі, қамауға алынған күні, айыптау бабы және үкім) келтірілсе, онда басқа қатысушы туралы – толығырақ келтірілген.

Сонымен қатар, тергеу жүргізген ОГПУ органдарының қызметшілеріне де биографиялық анықтамалық дайындалды.

**Қорытынды.** Мақалада көтерілген мәселелер мемлекеттік бағдарлама аясында жарыққа шыққан және жинақта жарияланған құжаттармен оқырман Қазақстанның барлық кітапханасы арқылы таныса алады.

## ӘДЕБИЕТ

«Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары» / «Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ» / Сост.: М.К. Койгелдиев (ответ. ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. Том I. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2022. 984 б.

«Алаш ісі. 1930-1932 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары» / «Алашское дело 1930-1932 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ» / Сост.: М.К. Койгелдиев (ответ. ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. Том II. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2023. 828 б.

*Қойгелдиев М.Қ.* Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.

*Қойгелдиев М.Қ.* Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп, 2021. 480 б.

*Қойгелдиев М.Қ.* Қорғансыздың күнін кешкендер. Алматы: Арыс, 2019. 304 б.

*Қойгелдиев М.Қ.* Қиянат анатомиясы. Алматы: Арыс, 2020. 360 б.

*Қойгелдиев М.Қ.* Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар жинағы. Алматы: Елшежіре, Том. 4. 2004-2008. 482 б.

## REFERENCES

«Alash isi. 1920-1930 jj. OGPÝ júrgizgen jasandy tergeý isteriniń qujattary men materialdary» / «Alashskoe delo 1920-1930 gg. Dokýmenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPÝ» / Sost.: M.K. Koigeldiev (otvet. red.), Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakýlova. Tom I. Almaty: TOO «Izdatelstvo LEM», 2022. 984 p.

«Alash isi. 1930-1932 jj. OGPÝ júrgizgen jasandy tergeý isteriniń qujattary men materialdary» / «Alashskoe delo 1930-1932 gg. Dokýmenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPÝ» / Sost.: M.K. Koigeldiev (otvet. red.), Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakýlova. Tom II. Almaty: TOO «Izdatelstvo LEM», 2023. 828 p.

*Qoigeldiev M.Q.* Alash qozǵalysy. Almaty: Sanat, 1995. 368 p. (In Kazakh)

*Qoigeldiev M.Q.* Alash qozǵalysy. Almaty: Mektep, 2021. 480 p. (In Kazakh)

*Qoigeldiev M.Q.* Qorǵansyzdyń kúnin keshkender. Almaty: Arys, 2019. 304 p. (In Kazakh)

*Qoigeldiev M.Q.* Qıanat anatomıasy. Almaty: Arys, 2020. 360 p. (In Kazakh)

*Qoigeldiev M.Q.* Alash qozǵalysy. Dvıjenie Alash. Qujattar jınaǵy. Almaty: Elshejire, Vol. 4. 2004-2008. 482 p. (In Kazakh)

**Автор туралы мәлімет:** Мирзакулова Раушан Маратқызы – «Айтылған тарих» ғылыми зертханасы. Жетекші ғылыми қызметкер. Жамбыл көш. №25, Алматы қ. Қазақстан Республикасы. <https://orcid.org/0009-0002-3554-1627>. E-mail: rauka-21@mail.ru

**Сведения об авторе:** Мирзакулова Раушан Маратқызы. – Научная лаборатория «Айтылған тарих». Ведущий научный сотрудник. Ул. Жамбыла №25, г.Алматы. Республика Казахстан. <https://orcid.org/0009-0002-3554-1627>. E-mail: rauka-21@mail.ru

**Information about the author:** Mirzakulova Raushan Maratkyzy. – Scientific laboratory «Айтылған тарих». Leading Researcher. St. Zhambyl No. 20, Almaty. The Republic of Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0002-3554-1627>. E-mail: rauka-21@mail.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 31.05.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 17.06.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2024.*

## ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ В ОТНОШЕНИИ КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В УЗБЕКИСТАН В 30-е ГОДЫ XX в.

*Бахром Ирзаев*

Государственный музей Памяти жертв репрессий при Кабинете Министров Республики  
Узбекистан

**Аннотация.** В статье на основе архивных материалов рассматриваются причины и последствия политических репрессий в Узбекистане, произошедших в 30-е годы прошлого века, а также их последствия для казахов, вынужденно переехавших в Узбекистан. Актуальность исследования заключается в изучении советского периода истории Казахстана и Узбекистана, определение изученности тем политических репрессий в целом в исторической науке. Необходимо отметить, что в последние годы в Узбекистане реабилитировано свыше тысячи жертв репрессий советского тоталитарного режима, что позволило выявить и имена казахстанцев, волею судьбы оказавшихся в Узбекистане.

В статье даны характеристики нескольких репрессивных казахстанцев, обвиненных в национализме, чьи имена стали известны лишь через много десятилетий спустя.

Статья представлена в жанре «исторический портрет», в котором представлены страницы из политической, общественной или личной жизни «героя» на основании достоверных архивных и музейных источников. В основу статьи заложены исторические

события из жизни, участником которых был индивидуально представленный в исследовании «портретируемый» человек.

Исследование может представить интересы в изучении исторических аспектов советской эпохи первой половины XX в.

**Материалы и методы исследования.** В статье использованы фондовые материалы Государственного музея Памяти жертв репрессий при Кабинете Министров Республики Узбекистан.

В основе изученных материалов лежат характеристики представителей национальной интеллигенции, данные об образовании, жизни и деятельности до репрессии и ссылок. В основу исследования заложен историко-описательный метод.

**Ключевые слова:** Узбекистан, Казахстан, жертвы политических репрессий, казахи, ссылки, музей.

**Для цитирования:** Бахром Ирзаев. Политические репрессии в отношении казахов, переехавших в Узбекистан в 30-е годы XX в. // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). С. 26-33. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.04

## XX ҒАСЫР 30-ЖЫЛДАРЫНДА ӨЗБЕКСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ ОРЫН АЛҒАН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН

*Бахром Ирзаев*

Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы алу қуғын-сүргін құрбандарын еске мемлекеттік музейі

**Андатпа.** Мақалада архив материалдары негізінде өткен ғасырдың 30-жылдарында Өзбекстанға мәжбүрлі түрде көшіп келген қазақтардың саяси қуғын-сүргінге ілінуі себептері мен салдары қарастырылады.

Зерттеудің өзектілігі Қазақстан мен Өзбекстан тарихындағы кеңестік кезеңін зерттеуде, сонымен қатар, жалпы тарих ғылымындағы саяси қуғын-сүргін тақырыптарының зерттелуін анықтау.

Айта кету керек, соңғы жылдары Өзбекстанда кеңестік тоталитарлық режимнің қуғын-сүргіннің мыңнан астам құрбаны ақталды, бұл Өзбекстанда тағдырдың қалауымен қазақстандықтардың есімдерін анықтауға мүмкіндік берді.

Мақалада ұлтшыл деп репрессияға ұшыраған және айыпталған бірнеше қазақстандықтардың есімдері анықталып, көптеген жылдардан кейін ғана белгілі болған мәліметтері мен сипаттамалары келтірілген.

Мақала ерекше «тарихи портрет» жанрында ұсынылып отыр және онда сенімді архив және музей дереккөздері негізінде «кейіпкердің» саяси, қоғамдық немесе жеке өміріндегі беттері ашылып көрсетірілген.

Мақаладағы мәліметтер, жалпы зерттеу XX ғасырдың бірінші жартысындағы кеңес дәуірінің тарихи аспектілерін танып зерттеуге айтарлықтай мүмкіндік береді.

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Мақалада Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Мемлекеттік музейінің қор материалдары пайдаланылды.

Зерттелген материалдар ұлттық зиялы қауым өкілдерін сипаттауына, олардың білімі, тұрмысы және т.б., репрессия және қамауына дейінгі қызметі туралы мәліметтермен негізделген. Зерттеу әдісінің негізі – тарихи-сипаттамалық әдісі болып табылады.

**Түйінді сөздер:** Өзбекстан, Қазақстан, саяси қуғын-сүргін құрбандары, қазақтар, сілтемелер, мұражай.

**Сілтеме үшін:** Бахром Ирзаев. XX ғасыр 30-жылдарында Өзбекстанға қоныс аударған қазақтарға қатысты орын алған саяси қуғын-сүргін // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). 26-33 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.04

## POLITICAL REPRESSIONS AGAINST KAZAKHS WHO MOVED TO UZBEKISTAN IN THE 30S OF THE TWENTIETH CENTURY

*Bahrom Irzaev*

The State Museum of Memory of Victims of Repression under the Cabinet of Ministers of the Republic of Uzbekistan

**Annotation.** Based on archival materials, the article examines the causes and consequences of political repression in Uzbekistan that occurred in the 30s of the last century, as well as their consequences for Kazakhs who were forced to move to Uzbekistan. The relevance of the research lies in the study of the Soviet period of the history of Kazakhstan and Uzbekistan, the definition of the study of the topics of political repression in general in historical science. It should be noted that in recent years, over a thousand victims of the repressions of the Soviet totalitarian regime have been rehabilitated in Uzbekistan, which made it possible to identify the names of Kazakhstanis who, by the will of fate, found themselves in Uzbekistan.

The article describes the characteristics of several repressive Kazakhstanis accused of nationalism and whose names became known only many decades later.

The article is presented in the genre of “historical portrait”, which presents pages from the political, public or personal life of the “hero” based on reliable archival and museum sources. The article is based on historical events from their lives, in which the “portrayed” person was individually represented in the study.

The research may represent the interests of studying the historical aspects of the Soviet era of the first half of the twentieth century.

**Materials and methods of the research.** The article uses stock materials of the State Museum of Memory of Victims of Repression under the Cabinet of Ministers of the Republic of Uzbekistan.

The studied materials are based on the characteristics of representatives of the national intelligentsia, data on their education, activities before repression and exile. The research is based on the historical and descriptive method.

**Keywords:** Uzbekistan, Kazakhstan, repressions, kazakhs, exiles, museum.

**For citation:** Bahrom Irzaev. Political repressions against kazakhs who moved to Uzbekistan in the 30s of the twentieth century // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6), p.p. 26-33. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.04

### **Обсуждение.**

В начале прошлого века Туркестан пережил масштабные изменения – усиление колониального гнета царской России, первая мировая война и восстание против трудовой мобилизации, Октябрьская революция, подавление после прихода к власти большевиков борьбы за национальную независимость национальных движений «Туркестанская автономия» и «Алаш», а также кровополитные столкновения в годы гражданской войны. Позже последовали угнетение и притеснения, связанные с национально-территориальным размежеванием, коллективизацией, индустриализацией и другими советскими масштабными кампаниями. Из истории известно, что все это оставило кровавый шлейф в истории Туркестана, разорвав на части и разрушив жизни миллионов людей [Туркестан в начале XX век, 2000]. Экономические и политические преобразования 1920-1930-е гг. Особо трагично отразились и на судьбах национальной интеллигенции, в ходе «репрессивной практики сталинизма в области культуры» [Калыбекова, Кабульдинов, 2021].

В этой ситуации верные своим ценностям многие представители национальной интеллигенции были уничтожены под клеймом «басмач» и «член контрреволюционных организаций», другие же были вынуждены покинуть родину, оставшиеся же также были подвергнуты безжалостным преследованиям [Туркестан в начале XX век, 2000].

### Казахстан – Узбекистан: жертвы репрессий 30-х годов XX в.

В настоящее время в Республикен Узбекистан материалы по репрессированным изучаются Государственным музеем Памяти жертв репрессий при Кабинете Министров Республики Узбекистан, благотворительным фондом «Шахидлар хотираси» («Памяти жертв репрессий») и др. В результате научных исследований и экспедиций собрано немало сведений о репрессированных 30-е годы XX в. в Узбекистане и за его пределами [Катагон Курбонлари, 2007; Репрессия. 1937-1938 гг., 2005].

Сегодня в глубинах архивных полок обнаруживаются и «выносятся» в свет материалы, связанные с жизнями и судьбами многих безвинно пострадавших людей, зачастую грамотных, имевших свое достойное место в обществе. В основном это представители национальной интеллигенции, люди, имевшие духовное и светское образование, в том числе и высшее, которые вынуждены были покинуть родную землю из-за жесткой политики Советов.

#### **Танирберган Отарбаев, преподаватель казахского языка и литературы рабочего факультета имени Акмаля Икромова при Среднеазиатском сельскохозяйственном институте.**

Танирберган Отарбаев родился в 1893 году в городе Чимкент. Танирберган тринадцать лет учился в медресе Дилкушо (Чимкент). В 1910-1915 гг. был служил имамом в мечети, активно пропагандировал идеи джадидов среди казахского народа. После февральской революции вступил с друзьями Мусой Милтикбоевым, Елемесом Жерменовым в политическую борьбу, пропагандировал идеи лидеров «Алаш орда» – Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Мирякуба Дулатова, Магжана Жумабая.

В конце 1919 года Танирберган Отарбаев приезжает в Ташкент, где брал уроки на курсе учителей у бывшего активиста «Алаш» Хайриддина Болгинбаева. Вернувшись позже в Чимкент, он снова устраивается в школу и начинает обучать молодежь.

Танирберган Отарбаев публиковал свои стихи и статьи в казахской прессе, в частности, в газете «Ак жол». В Чимкенте в 1924 году стали популярными его высоко патриотичные стихи «Ботургай», «Казыгурт». Танирберган Отарбаев в 1928 году поступил учиться на рабочий факультет Индустриального института в Ташкенте, позже, с августа 1936 года преподавал уже казахский язык и литературу на рабочем факультете имени Акмаля Икромова при Среднеазиатском сельскохозяйственном институте.

В мае 1938 года Танирберган Отарбаева заключен в тюрьму по обвинению в национализме за то, что преподавал казахскую грамматику по книге члена партии «Алаш» Джуванова, учил, пропитанные национальным духом стихи Ильяса Джансугурова и Сакена Сайфулина.


10 сентября 1940 года Танирберган Отарбаев был приговорен к 5-ти годам заключения в исправительно-трудовом лагере.

#### **Мусо Милтикбоев, преподаватель математики.**

Мусо Милтикбоев родился в 1892 году в Арыском районе современного Казахстана. В 1910 году окончил медресе Дилкушо в Чимкенте, позже преподавал в русско-киргизской школе. В 1919 году брал уроки у Султанбека Хаджанова на курсах учителей в Ташкенте, преподавал в школах Чимкента.

В 1927 году его обвинили в национализме и арестовали, так, он провел три месяца в тюрьме НКВД. В 1929 году переехав в Ташкент Мусо Милтикбоев устроился в преподавателем математики рабочего факультета Индустриального института.

Мусо Милтикбоев осенью 1937 года, в разгар большого террора, переехал из Ташкента в Конимех, где начал преподавать в 10-



летней школе города. 25 мая 1938 года Мусо Милтиқбоев был заключен в тюрьму в Конимехском районе Бухары.

15 августа 1939 года в отношении Мусо Милтиқбоева был вынесен оправдательный приговор.

Мусо Милтиқбоев умер в 1953 году.

### **Фарида Жантуганова, преподаватель казахского языка и литературы**

Фарида Зариповна Жантуганова родилась в 1898 году в Зайсанском районе Семипалатинской области. В октябре 1917 года создает семью с Боштаевым – активистом «Алаш орда». В мае 1918 года на I съезде «Алаш орда» в городе Семипалатинске читала лекции для местных женщин в рамках деятельности молодежного крыла «Алаш орды» «Жас журек». После отъезда Боштаева за границу, Фарида преподает в школе. В 1921 году принял участие во II съезде Алаша в Оренбурге.

Фарида Зариповна с 1925 года работала председателем правления «Женского труда» в Семипалатинске, а после судимости в 1928 году работала учителем в Семипалатинске, создала семью с активистом «Алаш» Исхоком Джантугановым. В 1930 году он переехал в Ташкент, а в 1930-31 годах преподавал казахский язык и литературу на рабочем факультете Центрально-Азиатского экономического института. В 1932 году работала корректором Уздавнашре, а с 1934 года – заведующим отделом казахской литературы издательства. Фарида Джантуганова с октября 1936 года живет с двумя детьми в общежитии рабочего факультета Среднеазиатского государственного университета и преподает казахский язык и литературу казахским студентам рабочего факультета. 29 июня 1937 года Фарида Жантуганова была заключена в тюрьму как человек Ходжанова, а в ноябре 1937 года приговорена к 8 годам заключения в исправительно-трудовом лагере [Турдиев, 2008].



### **Ссылки и жизнь в бегах...**

**Абдугаффор Аякеев** родился в 1898 году в 1-м ауле кишлака Карабастау Чаянского района Южно-Казахстанской области в семье Аяка Усенова, богатого казаха из рода «ходжа». После смерти отца в 1903 году до 13 лет Абдугаффор воспитывался у дяди. Обучался в местной школе, прославился как чтец Корана. До 1924 года держал скот в партнерстве с состоятельным Аскарком Сайтенбетовым. В 1924-1927 гг. занимался земледелием в Карабастау на 1,5 танабах земли, доставшемся ему в наследство от отца. С 1927 года работает секретарем в Союзе Кушчи, а с 1929 года начинает преподавать в начальной школе. Однако в числе других казахских богачей вынужден был покинуть родную землю из-за политики коллективизации советов.

В 1930-31 годах Абдугаффор Аякеев работал секретарем хозяйственного управления, а с 1932 года – инструктором в районном исполкоме Навоийской области Узбекистана. В конце 1932 года приехал в Ташкент и поступил в советскую юридическую школу. С 1934 года Абдугаффор Аякеев работает заведующим отделом Конимехского райисполкома, а в 1935-36 годах – на Мирзачульской машинно-тракторной станции (МТС).

В марте 1936 года Абдугаффар Аякеев снова приезжает в Ташкент и учится в институте советского права. Работает прокурором Молотовского района, а затем до 1939 года – прокурором Избосканского района. По доносу был исключен из партии за сокрытие своего социального происхождения.

21 декабря 1942 года был вынесен приговор по задержанию Абдугаффора Аякеева, обвинив его в «фашистских взглядах», в «подсобничестве немцам при нападении Германии» по статьям 66 и 67 УК УзССР.




*Umaraliev E.S.* Kyrgyzdardagy Umai nenin kultu: Taryhy-salystymaluu iliktoolor. 07.00.07 – etnografiia, etnologiia jana antropologia. – Taryh ilimderinin kandidaty okumustuuluk darajasy izdenip aluu uchun jazylgan dissertatsiia. Bishkek, 2023. 55 p. (In Kyrgyz)

*Chorotegin (Choroev) T.K.* Umai nege karata isenim jana besikke bailanyштуu jorolgor // Umai nege karata isenim jana besikke bailanyштуu jorolgor 15.02.2024 (In Kyrgyz)

**Автор туралы мәлімет:** Алымкулова Сынару Кадыровна – тарих ғылымдарының докторы, этнолог, И. Арабаев атындағы Қырғызстан мемлекеттік университетінің Қырғызстан тарихы және этнология кафедрасының профессоры, Қырғыз Республикасы Ұлттық тарих музейінің ғылыми кеңесшісі (Қырғызстан, Бішкек қаласы). E-mail: kadyrkyzy@rambler.ru

**Сведения об авторе:** Алымкулова Сынару Кадыровна – доктор исторических наук, этнолог, профессор кафедры истории Кыргызстана и этнологии Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева, научный консультант Национального исторического музея Кыргызской Республики (Кыргызстан, г. Бишкек). E-mail: kadyrkyzy@rambler.ru

**About the author:** Alymkulova Synaru Kadyrovna – Doctor of Historical Sciences, ethnologist, professor of the Department of History of Kyrgyzstan and Ethnology of the Kyrgyz State University named after. I. Arabaeva, scientific consultant of the National Historical Museum of the Kyrgyz Republic (Kyrgyzstan, Bishkek). E-mail: kadyrkyzy@rambler.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 24.04.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 15.05.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 17.05.2024.*

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ

*Ж.А. Таева*

С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Ғабит Мүсірепов – жазушы, әдебиет сыншы, публицист, драматург, үлкен прозаик – ғалым ретінде қазақ әдебиетінің өте маңызды кезеңін бейнелеп суреттеген, көркем шығармалар жазған, халық өмірінің көркем шежіресі секілді. Ол қазақ халқына кеңінен таңылған сүйікті жазушы шын мәнінде сөз зергері. Оның қаламынан шыққан әрбір еңбегі оқырман жүрегіне жол тапқан. Ғабит Мүсіреповтің шығарма жазудағы шеберлігі, мол мұрасы, шығармашылық шеберханасы зерттеген сайын толысып, зерттеуге тұрарлық, жаңа, тың тақырыптар туындататындықтан да жазушының өмір жолы мен шығармашылығы арасындағы байланыс, жазушының шығармашылық зертханасы, жазу тактикасы сынды тақырыптарды зерттеу өзекті болып табылады. Сол себепті мақалада жазушы шығармашылығының өзіндік қырларын айқындау мақсатында оның шығармашылық зертханасын тұтас алып қарастырылды. Олардың ішінде жазушының әр шығармасын жазуындағы өздік салт-әдеттері, стилі, жазу барысындағы жай-күйі, көңіл-қошы, қолданған бұйымдары барлығы жазушының шығармашылық шеберханасынан сыр шертеді. Зерттеулерді қорытындылай келе, бұл күнде музейдің құнды экспонаттары қатарын құрайтын жазушының қолының табы қалған жеке заттарын, кітапханасын жалпы тұтастай

шығармашылығын жан-жақты зерттеу қазақ әдебиеті үшін құнды екені дәлелденді. Тақырыпқа сай музей-үйіндегі жәдігерлердің сыры мен тарихының ғылыми маңызы тұжырымдалды.

**Материалдар мен зерттеу әдістері:** Ғылыми мақала жазу барысында пайдаланылған дерек көздері С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің қосымша қорынан, Ұлттық кітапхана материалдарынан алынды. Жұмыс барысында Ғ. Мүсіреповтың шығармашылық шеберханасының атмосферасын, өзіндік ерекшелігін ашып көрсететін мүмкіндіктер жиынтығы пайдаланылды. Жалпы жазушы шеберханасы жайлы әр қаламгердің, ғалымдардың пайымы әртүрлі болғандықтан, олардың тақырыпқа сәйкес тұжырымдары салыстырылып, жүйеленіп, зерделенді.

**Тірек сөздер:** шығармашылық, зертхана, қолжазба, мұрағат, қарындаш, жәдігер, музей.

**Сілтеме жасау үшін:** Ж.А. Таева. Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық шеберханасы // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). 116-123 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.14

## ТВОРЧЕСКАЯ МАСТЕРСКАЯ ГАБИТА МУСРЕПОВА

*Ж.А. Таева*

Литературно-мемориальный музейный комплекс С. Муканова  
и Г. Мусрепова (Казахстан)

**Аннотация.** Ғабит Мусрепов – писатель, литературный критик, публицист, драматург, большой прозаик-ученый изобразил очень важный период казахской литературы, написал художественные произведения, как художественную летопись жизни народа. Он-любимый писатель, широко навязанный казахскому народу. Каждый труд, исходящий из его пера, попадал в сердца читателя. Так как мастерство Габита Мусрепова в написании произведений, его богатое наследие, творческая лаборатория по мере того, как они исследуются, создают новые, новые темы, актуальными являются изучение таких тем, как связь жизненного пути и творчества писателя, творческая лаборатория писателя, тактика письма. Поэтому в целях определения специфических аспектов творчества писателя его творческую лабораторию рассматривали в целом. Среди них собственные обычаи, стиль написания каждого произведения писателя, его состояние в процессе написания, настроение, использованные изделия-все это отражается на творческой мастерской писателя. Подводя итоги исследований, было доказано, что сегодня для казахской литературы ценно всестороннее изучение творчества писателя в целом, его библиотеки, личных вещей, которые составляют ряд ценных экспонатов музея. В соответствии с темой было сформулировано научное значение тайны и истории экспоната в Доме-музее.

**Материалы и методы исследования:** Материалы и методы исследования: источники, использованные при написании научной статьи, взяты из дополнительного фонда литературно-мемориального музейного комплекса С. Муканова и Г. Мусрепова, материалов Национальной библиотеки. В ходе работы был использован набор возможностей, раскрывающих атмосферу, оригинальность творческой лаборатории Г. Мусрепова. Так как в целом о писательской лаборатории у каждого писателя, ученых разные мнения, их выводы по теме сравнивались, систематизировались и изучались.

**Ключевые слова:** творчество, лаборатория, рукопись, архив, карандаш, реликвия, музей.

**Для цитирования:** Ж.А. Таева. Творческая мастерская Габита Мусрепова // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6). С. 116-123. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.14

**CREATIVE WORKSHOP GABIT MUSREPOV***J.A. Taeva*Literary and Memorial Museum complex of S. Mukanov and  
G. Musrepov (Kazakhstan)

**Abstract.** Gabit Musrepov – writer, literary critic, publicist, playwright, great novelist-scientist depicted a very important period of Kazakh literature, wrote works of fiction as an artistic chronicle of the life of the people. He is a beloved writer, widely imposed on the Kazakh people. Every work coming from his pen fell into the hearts of the reader. Since Gabit Musrepov's skill in writing works, his rich heritage, creative laboratory, as they are explored, create new, new topics, the study of such topics as the connection of the writer's life path and creativity, the creative laboratory of the writer, the tactics of writing are relevant. Therefore, in order to determine the specific aspects of the writer's work, his creative laboratory was considered as a whole. Since, in general, each writer and scientists have different opinions about the writers' laboratory, their conclusions on the topic were compared, systematized and studied. Summing up the results of the research, it was proved that on this day a comprehensive study of the writer's work as a whole, his library, personal belongings, which make up a number of valuable museum exhibits, is valuable for Kazakh literature. In accordance with the theme, the scientific significance of the mystery and history of the exhibit in the House Museum was formulated.

**Materials and methods of research:** Materials and methods of research: the sources used in writing the scientific article are taken from the additional fund of the literary and memorial museum complex of S. Mukanov and G. Musrepov, materials of the National Library. In the course of the work, a set of possibilities was used, revealing the atmosphere and originality of the creative laboratory of G. Musrepov. Among them are the writer's own customs, the style of writing each work, his condition in the process of writing, the mood, the products used—all this is reflected in the creative workshop of the writer.

**Keywords:** creativity, laboratory, the manuscript, archive, pencil, a relic. museum.

**For citation:** J.A. Taeva. Creative workshop Gabit Musrepov // MUSEUM.KZ. 2024. №2 (6), p.p. 116-123. DOI 10.59103/muzkz.2024.06.14

**Кіріспе.** «Қаламгер туралы уақытында қаншамыз қанша дәл айттық, қанша тауып айттық деп жүрсек те, енді бүгін оның биік тұлғасы жайында толық суреттеме бере қою оңай емес. Ғабеннің үлкен бейнесі, оның есімі әрине көкірегімізде, ол жайындағы ұғым жарқын.

Тек анық біліп айтарымыз: біз бай мұрагерміз, өмірде көздеген мақсатының көбін атқарған адамның артында қалған жұрты риза. Мұра дегеннің бәрі бірдей қолмен ұстап, көзбен көретін дүние бола бере ме? Мұра, дәстүр жайын айтқанда осындай түстеп, таңбалап айту қиын, бірақ алдыңызда үнемі тұратын тез, талап, талғам деген ұғымдарға барасыз.

**Талқылау.** Өз шығармасын ұқсату, әдемілеу, шын көркемдік дәрежеге көтеруге ұмтылу Ғ. Мүсірепов жауапкершілігінің бір жағы болса, екінші жағы әдебиетке, көркем өнерге жанашырлықпен қарау еді» [Оразалы, 2004: 203], – деп филология ғылымдарының докторы Мүслім Базарбаев айтқандай, Ғабит Мүсіреповтің шығарма жазудағы шеберлігі, мол мұрасы, шығармашылық зертханасы зерттеген сайын толысып, зерттеуге тұрарлық, жаңа, тың тақырыптар туындатады. Ал суреткерлік талант адамға тумыстан дарыса, сол талантты шындау әркімнің өмірлік жолы мен ұстанар мүддесіне байланысты өрбиді. Осыдан барып жазушының өмір жолы мен шығармашылығы арасындағы байланыс, жазушының шығармашылық зертханасы, жазу тактикасы сынды тақырыптарға ұласады.

Олай дейтінім, жазушының музей-үйіндегі қолжазбаларын сандық форматқа көшіру кезінде «Жат қолында» романының қолжазбасына ерекше көзім түсті. Жазушының өз қолымен араб әрпімен (төте жазумен) жазған және де қазақ қаріптерімен машинкаға терілген нұсқасы музей архивінде сақталған. Мысалы, осы қолжазбаны жазу барысында қате кеткен жерлерін өшіріп жазған. Қолжазба тап-таза, бір де бір түзету жоқ, кей парақтарында жазушы өзі ғана түсінетін, жазу кезінде өзі ғана қолданып жүрген белгілер қойылған. Ғабит

Мүсіреповтің осындай бірнеше қолжазбалары сақталған және бәрінің дерлік екінші, үшінші нұсқалары кездеспейді.

Жазушының «Оянған өлке» романы 1953 жылы жарық көрген. Онда қазақ жерінде Қарағанды шахтасы мен Ақбұйрат мыс қорыту зауыты құрылады. Жаңа өмірге ұмтылған жастардың тағдыры, мінез құлықтары, көрген қиыншылықтары осы роман арқылы суреттеледі. Араға отыз жыл салып 1984 жылы «Жат қолында» романы жарияланды. Роман «Оянған өлкенің» жалғасы. Мұнда қазақ халқының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы әлеуметтік өмірі шынайы сипатталған. Бұл роман жазушының ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің айтулы табыстарының қатарында саналады.

Бұл туралы Нығмет Ғабдуллин: «Ғабит аға сөз өнеріне келгенде, өзіне де, өзгеге де қатал талаппен қарайтын. «Әр шығармамды жазардан бұрын, оның бүкіл жүйесін, оқиғалар желісін, образдардың даму жолын – бәрін асықпай ұзақ ойланамын. Бұл ойлануым – бірнеше күн емес, бірнеше айға, тіпті жылдарға созылып кетуі мүмкін», – дейтін-ді Ғабен. Бірақ ойлануы ұзақ болғанмен, тез жазатын. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» пьесасын он бес күнде, «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясын он сегіз күнде жазған.

Ғабеннің бір ғадеті: шығарманы қаламмен емес, кәдуілгі қара қарындашпен жазатұғын. Жазуға кірісерден бұрын, бір уыс қара қарындашты, ұштарын біздей қып ұштап, шыны сауытқа салып алдына қояр еді. Біреуінің ұшы мұқала бастаған кезде, қолына екіншісін алар еді. Жазуы қағаз бетіне біркелкі боп түседі. Көңілінен шықпаған кей сөйлемді, яки сөзді сызып тастап, үстінен түзетпейді, өшіргішпен өшіріп отырады. Сондықтан жазулары маржандай мөлдіреп, шығарма жазған қағаздарының беттері ешқандай қол тимеген, түзету жасалмаған сияқтанып, тап-таза боп тұратын. Сөз зергерінің сұлу жазуына сүйсініп қараған кезінде көз алдыға бір әдемі сурет келер еді: сағым ойнаған теп-тегіс боз далада созылып шеру тартқан ұзын түзу көштің немесе көк жүзінде биікте тізіліп кетіп бара жатқан қаз-тырна қатарының сәні қандай! Сол тақылетті бір әсерлі көрініс елес береді. Ғабен жазушының әдемілік сыры әсемдікті сүюдің биік эстетикасымен сабақталып жатқанын аңғарасың» [Ысқақұлы, 2002: 262-263].

«...Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиялары – ұлттық драматургияның інжу маржаны. Әуелден сөзді шекеден шертіп қолданатын жазушы драматургияда әлемдік үлгілерден терең сабақ ала отырып, өнеріне өнер, шабысына шабыс қосты, қайталанбас образдар жасады, ана тіліміздің тамаша кестесін төкті, ақ өлеңнің өлмес нұсқаларын жасады» – деп бағасын берген Рымғали Нұрғали [Кудабаева, 2002: 70].

Жалпы жазушы шеберханасы жайлы әр қаламгердің пайымы әртүрлі. Дегенмен сөз зергерінің шығармашылығын тұтас алып қарастырсақ, өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл туралы бір өңірдің тумалары, балалық шақтан достықтары үзілмей, үлкен құдалыққа ұласып, кейіннен ортақ ұрпақ сүйген, бүгінде тұрған үйлері музей кешені болып халыққа рухани, мәдени, ағартушылық қызмет көрсетіп келе жатқан қазақ әдебиетінің классик жазушысы Сәбит Мұқановтың Ғабит Мүсіреповке берген бағасындай нақты, толық ешкім айта алмаған болар десек артық айтқандық болмас. «Бірінші – бойына сіңбеген тақырыпқа жармаспайды. Екінші – бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды, сондықтан шығармаларының шикісі аз болады. Үшінші – жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды. Төртінші – шығармасына өте ұқыпты, сондықтан қал-қадірі жеткенше, олпы-солпысыз шығарады. Бесінші – тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды. Алтыншы – жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады. Жетінші – адам портретін жасауға қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі» [Селективный, 1980: 6].

Осы жерде Ғ. Мүсірепов музейі жайлы айта кетуді жөн көрдім. Музей жазушының 1968-1985 жылдар аралығында тұрып, жемісті еңбек еткен үйінде 1991 жылы әдеби-мемориалдық музей ашылған. Ғабит Мүсірепов қазақ кинематографиясының өркендеуіне өзіндік зор үлесін қосқан. Музей экспозициясында – жазушының сценарийлері бойынша қойылған афишалар, киноленталар, касета мен CD дискілер қойылған. Сонымен қатар, проекциялық экраннан 1936 жылы түсірілген тұңғыш қазақ киносы «Амангелді»



кинофильмін көре аласыздар. «Амангелді» кинофильмінің сценарийін 1936 жылы Ғабит Мүсірепов, Бейімбет Майлин және Всеволод Ивановпен бірігіп жазған. 1938 жылы алғаш рет экранға шыққан. Сондай-ақ көрермен көзайымына айналған «Қыз Жібек», «Махаббат дастаны» мен «Кездеспей кеткен бір бейне» фильмдерінің де сценарийін жазған Ғ. Мүсірепов.

Музейге келушілердің көбі шығармаларында басы артық бос сөз жоқ, адамды бірден өзіне баурап, ұйытып алатындай болса, музей-үйі де сондай жайлы, жылы екен деп сүйсіне қарап жатады. Ал, қарапайым ғана жұмыс кабинетіндегі көз тартар жәдігерлердің өз тарихы одан сайын сүйсіндіре түсетіндей. Кітапханасындағы әлем классиктерінің, орыс әдебиетінің, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан құралған екі мыңнан аса кітаптардың өзі талғаммен жинақталған. Жазушы көзі тірісінде мыңнан аса кітаптарын туған жеріндегі кітапханаға жіберген. Басқа жазушыларға да артық-ауыс кітаптарын ауыл кітапханаларына жіберу жөнінде үндеу де тастаған.

Сонымен қатар, жазушының қолының табы қалған, ұстаған жеке заттары бұл күнде музейдің құнды экспонаттары ретінде сақтаулы. Мәселен, өз қолынан жонып жасаған таяқтары, бильярд ойнаған кийі, көзілдірігі, телефоны, сия сауыты, әріп ұлғайтқыш құралы, қарындаштары, өшіргіш, ұштағыш, тағы басқалары. Әр жәдігердің өзіне тән баяндалар сыры, тарихы бар.

Жазушы шығармаларын тек қарындашпен, әрі араб және латын қарпінде жазумен қатар, отырып жазудан шаршаған уақытында тұрып та жазған. Музейге келушілердің қызығушылығын туындатып, назар аудартатын құнды жәдігердің бірі жазушының арнайы тапсырмамен 1980 жылы өз бойына шақ қып жасатқан үстелі. Бұл үстелін 1987 жылы қызы Энгелина Ғабитқызы музейге табыстаған. Жасы ұлғайған шағында отырудан жалыққан кезде тұрып жазған, осы үстелге сүйеніп тұрып кітап та оқыған, осы жазу үстелінде көптеген шығармалары жарық көрген. Үстелінің үстінде, жазушының өз қолымен жазған шығармасының бір беті осы күнге дейін музейге келушілердің көзбен көруіне ыңғайлы сақталған. Ғабеннің немере қарындасы Жанат Махмұтова жазушыны былай деп еске алады: – «Ол кісі жұмыс істегенде ойын бұзып, ананы-мынаны айтып мазаламаушы едік. Ал мазалап қойған жағдайда, сор тілеп алғаның. Атам тыныштығын бұзған адаммен бірнеше күн сөйлеспей қояды. Үлкен кісінің тарапынан мұндай «жаза» көруден қиыны жоқ. Қашан жақсы қабағын бергенше пұшайман болып жүргенің. Кейде ерте тұрып жазу үстеліне отырады. Ондай сәтте шайға шақыра алмай есім шығады. Кабинетінің жанына келіп, «ұрсып жібере ме» деп қипақтап біраз тұрамын. Кейін атамның мұндай қиын мінезіне үйреніп кеттім. Қимыл-әрекетін бақылап жүріп, шайға шақырудың да әдісін таптым. Атам жазу жазып жатқанда кабинетінің есігінен сығалап, сыртынан бақылап біраз тұрамын. Ол кісі басын көтермей жазып жатады. Бір кесек ойын қағазға түгел түсіріп болған кезде басы да көтеріле бастайды. Сөйлеміне нүкте қойылды-ау деген сәтте кіріп барып, шайға шақырамын. Атам да: «Шай ішетін уақыт болыпты ғой», – деп орнынан тұрады. Өз ісіме масаттанған мен солай атамды қолтықтап үстел басына алып келуші едім» [Жумабеков, 1989: 14].

Жазушының үстелінде арнайы қарындаштар салынған қорапшада үш түрлі он бес қарындаш бар. Оның Чехославакиядан әкелінген «Hardtmuth KOH-I-NOOH», Германиядан әкелінген «Schwan-STABILiner» қарындаштары ұшталмаған күйінде қалса, өзінің соңғы туындыларын жазған қарындаштары жазушының ұштаған күйінде сақтаулы. Тік ұшақ бейнесінде жасалған ұштағышына, «CENTRUM» атты өшіргішіне қарап отырып, қаламгердің «Қазақ солдаты», «Жат қолында», «Оянған өлке», «Ұлпан» романдары, «Кездеспей кеткен бір бейне» қара сөзбен жазылған поэмасы, «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты» пьесалары, «Автобиографиялық әңгіме», «Этнографиялық әңгіме» тағы басқа көптеген әңгімелері мен ана туралы шығармалар топтамасының жазылуын бір сәт ой жүзінде көргендей боламыз.

«Қазақ солдаты» – Ғ. Мүсіреповтің проза саласында ерекше жазған шығармасы. 1945 жылы «Қазақ батыры» деген тақырыппен повесть болып шығып, кейін бес жылдан кейін яғни 1950 жылы «Қазақ солдаты» деген тақырыппен қайта жарыққа шығады. Екінші

Дүниежүзілік соғысының ардагері Қайырғали Смағұлов (Қайрош) бастан кешкендерін жазған. Шығармада батырдың өшпес ерлігі еліне, жеріне деген патриоттық сезімі сипатталады. Қазіргі таңда мектеп бағдарламасында батырдың ерлігін оқушыларға насихаттап, үлгі тұтып сабақ ретінде өткізіледі. Десе де қазақ әдебиетінің алтын қорында ойып тұрып орын алатын жазушы шығармашылығының қоғам өмірімен, халықтың, ұлттың ой-санасымен тығыз байланысы, тамырластығы және оның өмір құбылыстарын биік адамгершілік идеялары тұрғысынан шебер бейнелеуге негізделген зор танымдық, көркемдік, тәрбиелік мәні де айтылуға керек.

Ғабит Мүсіреповтің шығармаларында ана тақырыбы айрықша орын алады. Оның қаламынан осы тақырыпқа арналған он шақты әңгіме повесттер дүниеге келген. Өзінің ғұмырын қазақ әйелінің сан қырлы образдарын суреттеуге арналған. Жазушы ана тақырыбына жазған шығармаларында Әйел-Ана бейнесін асқақтатып, әлем әдебиетіндегі арулар образының галериясын байыта түскен. Ғабеннің суреттеуіндегі ана – тек өз перзентінің ғана емес барлық адамдардың да анасы. Мысалға жазушы өзінің Ұлпаны туралы 338-ші қойын дәптерінде: «Әрбір жазушының ойында әр кезде өзімен бірге жасасып толыға түскен бейнелері болу керек. Менің ойымда Ұлпан 40 жыл бірге жасасып жүрді. Мен ол бейнені әр қырынан көрсетуге тырыстым – ойы, сезімі, сырт суреті, жас кезі есейген кезі, мінезі, мейірім т.т.» – Ұлпанды «менің Джокондам» деген. Қаламгердің ана тақырыбына арнап жазған шығармасының ішіндегі көлемдісі де көрнектісі де – «Ұлпан» повесі. Роман қазақ әйелінің он тоғызыншы ғасырдағы қазақ әйелінің трагедиялы тағдырына арналған. Ұлпан шығармасын оқыған оқырманның әсері:

#### «ҰЛПАНЫ» ОҚЫҒАННАН КЕЙІНГІ ОЙ

Көргісі кеп аңсаған жан анасын,  
Іздеуі анық сағыныштың дауасын.  
Нағыз ана, нағыз ару іздесең,  
«Ұлпан» оқы, бәрін содан табасың!

Саят ҚАМШЫҒЕР

Жазушы өзінің шебер суреттеуі арқылы бүкіл бір тарихи дәуірдің тынысын айқын аңғартып, аса маңызды әлеуметтік мәселелерді терең толғайды. Оның барлық шығармасынан заман шындығын, сан алуан өмір құбылыстарының кескін-бейнесін айқын көре аламыз. Ол сонысымен де құнды.

Сондықтан да жазушының шығармашылығын терең түсінуде оның шығармашылық зертханасымен, шығармаларының жазылу тарихымен танысудың рөлі зор. Жазушының тек шығармашылығына ғана емес, тұтынатын заттарына, жұмыс кабинетіне де үлкен талғаммен, аса кірпияз қарағаны тектен-тек емес. Айтар ойымыздың түйінін Ғабит Мүсіреповтің өзі айтқандай, «Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы».

Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов музей-үйінде экспозиция Ғабеннің қоштасу хатымен аяқталады. «...Кешегі өткен Ғабиден досқа: «Енді екі жыл жүрсек жетпей ме?!» дегенім бар еді. Сол мөлшерім мөлшер болды. Қойны суық қасиетті қара жер құшағына міне, мен де кеткелі жатырмын. Үмітпен, күреспен, сеніммен өткізген ұзақ ғұмырымды қорыта қарасам, қуанышым да, ренішім де мол екен. Жас қазақ мемлекетінің биік туы менің көз алдымда көтерілді. Бүгін де күллі әлем назары ауған іргелі елге айналдық. Бірақ әдебиет пен өнер ұлы болмаған жағдайда ұлт ұлы болып есептелмейтінің ұмытпайықшы. Жан сүйсінтер бірлік жоқ жерде саналы тірлік те жоқ. Кейде мыстың алтынға, қыранның қарғаға телініп жататыны – осының кесірі. Үлкен өнердің үлкен, таза мінезі болуы керек. Өзім іргетасын қаласқан қазақтың ата буын әдебиетінің атынан өтінемін: мені соңғы сапарға шығарып саларда осы ақтық тілегімді еске алыңдаршы. Қалам ұстауға халім болмағандықтан хатты Әлжаппар мен Мұхтарға айтып жаздырдым. Ал, қасиетті елім, жерім, қиыспас дос-жаран, ағайын-туыс, сәулелі жас ұрпақ, хош хош болыңдар!» Ғабит Мүсірепов 1985, 28 желтоқсан.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, Ғабит Мүсірепов қазақтың көркем әдебиетінде өзіндік орны бөлек, қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан классик жазушы. Оның қаламынан шыққан әрбір еңбегі оқырман жүрегіне жол тапқан. Халықтың сүйікті жазушысына айналған. «Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Дегенмен, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ, Мүсіреповпен мақтану керек!» деп жазушы, академик Зейнолла Қабдолов айтқандай.

Ғабит Мүсірепов – ХХ ғасырдағы еліміздің тарихындағы, әдебиетіміз бен мәдениетімізге үлесін қосқан аса ірі, мықты тұлғалардың бірі. Қаламгер жазған туындылар мен тақырыптар, қозғаған әлеуметтік мәселелер, тарихымызға қатысты оның шығармаларында көркемдік және терең шешімін тапқандығы тек біздің ғана әдебиетімізде емес, әлем әдебиетінде жоғары бағаланды.

## ӘДЕБИЕТ

- Оразалы С.* Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер. Алматы: Білім, 2004. 98-б.  
*Ысқақұлы Д.* Сырбаз суреткер. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2002. 62-б.  
*Құдабаева Г.* Ғабит Мүсірепов-100. Алматы: Өлке, 2002. 9-б.  
*Мүсірепов Ф.* Таңдамалы. Үш томдық. А.: Жазушы, 1980. 62-73-бб.  
*Жұмабеков С.* Ғабит Мүсірепов. Алматы: Мектеп, 1989. 101-117-бб  
 Аңыз адам. №18 (54) қыркүйек 2012. 6-9-бб.  
 Қазақ тілі мен әдебиеті журнал. №1 2012. 2-б.  
*Мүсірепов Ф.* Драмалық шығармалар. А.: Өнер, 1982. 62, 296-бб.  
*Жетпісқызы Г.* Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы: Арыс, 2002. 23-58-бб.  
*Қайырбеков Ә.* Мүсіреповтің хатханасы – Письмотека Мусрепова. Алматы, 2022. 374-б.  
*Ысмағұлов Ж.* Ғабит Мүсірепов туралы тоғыз толғам. Алматы: ЖШС Қазақстан баспа үйі, 2002. 3-16-бб.  
*Қайырбеков Ә.Ф.* Ғажайып Ғабен. Мүсіреповке арналған жырлар // Алматы, 2012. 113 б.  
*Мүсірепов Ф.* Күнделік. //Ана тілі. Алматы, 1997. 160-б.

## REFERENCES

- Orazaly S.* Memoirs of Musrepov. Almaty: knowledge, 2004. 98 p. (In Kazakh)  
*Skakovich D.* Syrbaz suretker. Almaty, Kazparat, 2002. 62 p. (In Kazakh)  
*Kudabaeva G.* Gabit Musrepov-100. Almaty, Ulke, 2002. 9 p. (In Kazakh)  
*Musrepov G.* Selective. In three volumes. Almaty, 1980, pp. 62-73. (In Kazakh)  
*Zhumabekov S.* Gabit Musrepov. Almaty: Mektep, 1989, pp. 101-117. (In Kazakh)  
 Anyz adam journal. №18 (54) September 2012. pp. 6-9. (In Kazakh)  
 Journal of the Kazakh language and literature. №1, 2012. 2 p. (In Kazakh)  
*Musrepov G.* Dramatic works. Almaty: Oner, 1982. 62, 296 p. (In Kazakh)  
*Zhetpiskyzy G.* Materials of the international scientific conference. Almaty: Arys, 2002, pp. 23-58. (In Kazakh)  
*Kayyrbekov A.* Musrepov's Letter // Almaty, 2022. 374 p. (In Kazakh)  
*Ismagulov J.* We are talking about Gabit Musrepov. // Almaty, Housing and Communal Services "Kazakhstan", 2002. pp. 3-16. (In Kazakh)  
*Kayyrbekov A.G.* Is A Wonderful Gene. Poems for Musrepov // Almaty, 2012. 113 p. (In Kazakh)  
*Musrepov G.* Diary // Almaty, Astana, 1997. 160 p. (In Kazakh)

**Автор туралы мәлімет:** Таева Жанар Акинқызы – «Алматы қаласының музейлер бірлестігіне» қарасты С. Мұқанов пен Ф. Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінің

ғылыми қызметкері (050051, Алматы қ-сы, Төлебаева 125, Қазақстан). E-mail: taevazanar73@gmail.com

**Сведения об авторе:** Таева Жанар Акиновна – научный сотрудник литературно-мемориального музейного комплекса С. Муканова и Г. Мусрепова при «Объединении музеев города Алматы» (050051, г Алматы, ул. Тулебаева 125, Казахстан). E-mail: taevazanar73@gmail.com

**Information about the author:** Zhanar A. Taeva – researcher at the literary and memorial museum complex of «S. Mukanov and G. Musrepov at the Association of Museums of Almaty» (050051, c Almaty, st Tulebaeva 125, Kazakhstan). E-mail: taevazanar73@gmail.com

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.03.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 28.03.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.04.2024.*

## МАЗМҰНЫ

<b>М.Қ. Қойгелдиев.</b> Қазақстандағы саяси репрессияның себебі мен салдары.....	5
<b>З.Б. Мырзатаева.</b> «Халық жауларының» әйелдері (Төлебаева Хадиша № 0631-іс, Майлина Күлжамал № 04613- іс құжаттары негізінде).....	12
<b>Р.М. Мирзакулова.</b> «Алаш ісі. 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» (археографиялық талдау).....	21
<b>Бахром Ирзаев.</b> XX ғасыр 30-жылдарында Өзбекстанға қоныс аударған қазақтарға қатысты орын алған саяси қуғын-сүргін .....	26
<b>Б.Т. Куппаева.</b> Әлихан Бөкейхановтың саяси траекториясының қалыптасуы.....	34
<b>Т.А. Бекбаева.</b> Қазақстан аумағындағы кеңестік еңбекпен түзеу лагерьлері.....	43
<b>Джю-Юп Ли.</b> Замандастар көзімен Жошы ұлысы (халқы) туралы кейбір ескертпелер .....	52
<b>С.С. Балмагамбет.</b> Ерменсай шырағданыңда бейнеленген сюжеттің жаңа түсіндірмесі.....	59
<b>Т.Х. Ғабитов, Ч.А. Аласов.</b> Саян-Алтай және қазақ көшпелілерінің 12 жылдық жануар күнтізбесін салыстырмалы зерттеу тәжірибесі .....	70
<b>С.Т. Шаметов, А.Ж. Үркінбаева.</b> Музей экспозициясына талдау жасаудың негізгі параметрлері.....	86
<b>И.М. Рекида.</b> Еуропаның тарихи-мәдени біліміндегі Азияның көріністері (Невзоровтар отбасылық бейнелеу өнері музейі коллекциясы негізінде).....	93
<b>Е.В. Офицерава.</b> Көпсалалы музей қорларын жинақтау. КСРО халықтарының декорациялық - қолданбалы өнер жинағын бүктеу ерекшеліктері. (ММҚ «Царицыно» мысалында).....	101
<b>С.Қ. Алымқұлова.</b> Бесік – сұлулықтың көзі.....	110
<b>Ж.А. Таева.</b> Ғабит Мүсіреповтің шығармашылық шеберханасы .....	116

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>М.К. Койгелдиев.</b> Причины и последствия политических репрессий в Казахстане .....	5
<b>З.Б. Мырзатаева.</b> Жены «Врагов народа» (по материалам дел Хадиши Толебаевой №0631, Кульжамал Майлины №04613).. .....	12
<b>Р.М. Мирзакулова.</b> «Алашское дело. 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ» (археографический анализ).....	21
<b>Бахром Ирзаев.</b> Политические репрессии в отношении казахов, переехавших в Узбекистан в 30-е годы XX в. ....	26
<b>Б.Т. Куппаева.</b> Политическая траектория становления Алихана Букейханова .....	34
<b>Т.А. Бекбаева.</b> Советские трудовые лагеря в Казахстане .....	43
<b>Джю-Юп Ли.</b> Некоторые замечания об Улусе (народе) Джучи глазами современников.....	52
<b>С.С. Балмагамбет.</b> О новой трактовке сюжета на курительнице из Ерменсяя .....	59
<b>Т.Х. Габитов, Ч.А. Аласов.</b> Опыт сравнительного исследования 12-летнего животного календаря Саяно-Алтайских и казахских кочевников .....	70
<b>С.Т. Шаметов, А.Ж. Уркинбаева.</b> Основные параметры анализа музейной экспозиции .....	86
<b>И.М. Рекида.</b> Представление Азии в европейском историко-культурном знании (на основе коллекции музея изобразительных искусств имени семьи Невзоровых) .....	93
<b>Е.В. Офицера.</b> Комплектование фондов в многопрофильном музее. Особенности складывания коллекции декоративно-прикладного искусства народов СССР. (На примере «ГМЗ «Царицыно»)..	101
<b>С.К. Алымкулова.</b> Колыбель – исток прекрасного .....	110
<b>Ж.А. Таева.</b> Творческая мастерская Габита Мусрепова.....	116

## CONTENT

<b>M.K. Koigeldiev.</b> Causes and consequences of political repressions in Kazakhstan .....	5
<b>Z.B. Myrzataeva.</b> Wives of the «Enemies of the people» (From the case materials of Khadisha Tolebayeva No. 0631, Kulzhamal Mailina. No. 04613).. .....	12
<b>R.M. Mirzakulova.</b> «Alash case 1920-1930. Documents and materials of the investigative case fabricated by the OGPU» (archaeographic analysis) .....	21
<b>Bahrom Irzaev.</b> Political repressions against kazakhs who moved to Uzbekistan in the 30s of the twentieth century .....	26
<b>B.T. Kuppayeva.</b> Political trajectory of formation of Alikhan Bukeikhanov .....	34
<b>T.A. Bekbaeva.</b> Soviet labor camps in Kazakhstan .....	43
<b>Joo-Yup Lee.</b> Some remarks on the Ulus (people) of Jochias seen by their contemporaries .....	52
<b>S.S. Balmagambet.</b> On a new interpretation of the plot on the incense burner from Ermensay .....	59
<b>T.Kh. Gabitov, Ch.A. Alasov</b> Experience of comparative research of the 12-year animal calendar of Sayan-Altai and kazakh nomads .....	70
<b>S.T. Shametov, A.J. Urkinbaeva.</b> The main parameters of the analysis of the museum exhibition .....	86
<b>I.M. Rekida</b> Representation of asia in european historical and cultural knowledge (based on the collection of the Nevzorov Family Museum of Fine Arts) .....	93
<b>E.V. Ofitserova.</b> Acquisition of funds in a multidisciplinary museum. Features of folding the collection of decorative and applied art of the peoples of the USSR. (On the example of «GMZ Tsaritsyno») .....	101
<b>S.K. Alymkulova.</b> The cradle is the source of the beautiful .....	110
<b>J.A. Taeva.</b> Creative workshop Gabit Musrepov .....	116

**БАС РЕДАКТОР:**  
Харипова Рашида Ерiмқызы

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**  
Атығаев Нұрлан Әдiлбекұлы  
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Абдуллах Гюндогду**, тарих ғылымдарының докторы, Анкара университетiнiң тiлдер және тарих-география факультетiнiң профессоры, жалпы түрiк тарихы бөлiмiнiң меңгерушiсi (Түркия).

**Ахметжан Қалиолла Саматұлы**, Қазақстан Республикасы көркемсурет Академиясының академигi, тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф-қару зерттеушi (Қазақстан).

**Әбiл Еркiн Аманжолұлы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).

**Кенжебаев Ғабит Қапезұлы**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесi Абай атындағы Қаз ҰПУ Тарих және құқық институтының директоры (Қазақстан).

**Ғабитов Тұрсын Хафизұлы**, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетiнiң философия және саясаттану факультетiнiң философия кафедрасының профессоры (Қазақстан).

**Жолт Биро Андраш**, антрополог, профессор (Венгрия).

**Жұматаев Ринат Серiкұлы**, PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетiнiң Тарих факультетiнiң археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушiсi (Қазақстан).

**Ишанходжаева Замира Райиымқызы**, тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Улугбек атындағы Ұлттық университетiнiң профессоры (Өзбекстан).

**Картаева Тәтгiгүл Ерсайынқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетiнiң Тарих факультетiнiң археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры (Қазақстан).

**Петров Павел Николаевич**, тарих ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының профессоры (Ресей).

**Подушкин Александр Николаевич**, тарих ғылымдарының докторы, Оңтүстiк Қазақстан мемлекеттiк педагогикалық университетiнiң профессоры (Қазақстан).

**Уәли Нұргелдi Мақажанұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттiк орталық музейiнiң бас ғылыми қызметкерi (Қазақстан).

**Файзуллина Галия Шаукетовна**, тарих ғылымдарының кандидаты, Тұран университетiнiң Туризм және сервис кафедрасының меңгерушiсi (Қазақстан).

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОРЫ:**

Темиртон Галия  
PhD

**РЕДАКЦИЯ КЕҢЕСI:**

Балаева Арайлы, Белтенов Жасұлан, Жайнақов Ерсiн,  
Қыстаубаева Айгүл, Мякишева Ольга,  
Төрежанова Набира, Жолбарыс Нұрсерiк



**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**  
Харипова Рашида Еримовна

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**  
Атыгаев Нурлан Адилбекович  
кандидат исторических наук, профессор

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Абдуллах Гондугду**, доктор исторических наук, профессор факультета языков, истории и географии университета Анкары, заведующий кафедрой общей истории Турции (Турция).

**Ахметжан Калиолла Саматович**, кандидат исторических наук, академик Академии художеств Республики Казахстан, этнограф-оружейник (Казахстан).

**Абиль Еркин Аманжолович**, доктор исторических наук, профессор (Казахстан).

**Кенжебаев Габит Капезович**, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК, директор Института истории и права Каз НПУ им. Абая (Казахстан).

**Габитов Турсун Хафизович**, доктор философских наук, профессор кафедры философии и социологии факультета философии и социологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

**Жолт Андраш Биро**, антрополог, профессор (Венгрия).

**Жуматаев Ринат Серикович**, доктор PhD, заведующий кафедрой археологии, этнологии и музеологии факультета истории Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

**Ишанходжаева Замира Райимовна**, доктор исторических наук, профессор Национального университета имени Мирзо Улугбека (Узбекистан).

**Картаева Таттигул Ерсайыновна**, кандидат исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии факультета истории Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

**Петров Павел Николаевич**, кандидат исторических наук, профессор Российской Академии Естествознания (Россия).

**Подушкин Александр Николаевич**, доктор исторических наук, профессор Южно-Казахстанского государственного педагогического университета (Казахстан).

**Уали Нургелди Макажанович**, доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан).

**Файзуллина Галия Шаукетовна**, кандидат исторических наук, заведующая кафедрой туризма и сервиса университета Туран (Казахстан).

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР:**

Темиртон Галия  
PhD

**РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:**

Балаева Арайлы, Белтенов Жасулан, Жайнаков Ерсин,  
Кистаубаева Айгуль, Мякишева Ольга,  
Торежанова Набира, Жолбарыс Нурсерик

**EDITOR-IN-CHIEF:**

**Rashida E. Kharipova**

**DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:**

**Nurlan A. Atygayev**

Candidate of Historical Sciences, professor

**EDITORIAL BOARD:**

**Abdullah Gündoğdu**, Doctor of Historical Sciences, Professor at the Faculty of Languages, History and Geography of Ankara University and Head of the Department of General History of Turkey (Turkey).

**Akhmetzhan Kaliolla Samatovich**, Candidate of Historical Sciences, Academician of the Academy of Arts of the Republic of Kazakhstan, ethnographer-gunsmith (Kazakhstan).

**Abil Erkin Amanzholovich**, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan).

**Kenzhebaev Gabit Kapezovich**, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the Faculty of History and Law of Abay Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan).

**Gabitov Tursun Khafizovich**, Doctor of Philosophical Sciences, Professor at the Department of Philosophy and Sociology, Faculty of Philosophy and Sociology, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

**András Zsolt Biro** – anthropologist, Professor (Hungary).

**Zhumataev Rinat Serikovich**, PhD, Head of the Department of Archaeology, ethnology and museology, Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

**Ishankhodjaeva Zamira Rayimovna**, Doctor of Historical Sciences, Professor at the National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek (Uzbekistan).

**Kartaeva Tattigul Ersayinovna**, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Department of Archaeology, ethnology and museology, Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

**Petrov Pavel Nikolaevich**, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Russian Academy of Natural Sciences (Russia).

**Podushkin Aleksandr Nikolayevich**, Doctor of Historical Sciences, Professor at South Kazakhstan State Pedagogical University (Kazakhstan).

**Uali Nurgeldi Makazhanovich**, Doctor of Philological Sciences, Professor, Chief Researcher at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

**Fayzullina Galiya Shauketovna**, Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Tourism and Service at Turan University (Kazakhstan).

**EXECUTIVE EDITOR:**

**Temirton Galiya**

PhD

**EXECUTIVE EDITORS:**

Balayeva Araily, Beltenov Zhasulan, Ersin Zhainakov,  
Aigul Kystaubaeva, Olga Myakisheva,  
Nabira Torezhanova, Zhulbarys Nurserik

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Самал-1 ықшам ауданы, 44  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік орталық музейі  
«MUSEUM.KZ» журналының редакциясы  
Тел.: +7(727) 264 08 44  
E-mail: museum.kz@mail.ru

050100, Республика Казахстан,  
г. Алматы, микрорайон Самал-1/44  
Центральный государственный музей  
Республики Казахстан  
Редакция журнала «MUSEUM.KZ»  
Тел.: +7(727) 264 08 44  
E-mail: museum.kz@mail.ru

050100, Republic of Kazakhstan,  
Almaty, district Samal-1, 44  
The Central State Museum of the  
Republic of Kazakhstan  
Editorial board of the journal «MUSEUM.KZ»  
Tel.: +7(727) 264 08 44  
E-mail: museum.kz@mail.ru